

Шаншар ЖЕКЕЕВ



СЕГІЗ
ҚЫРЛЫ
СЕРІ

ВОЗВРАТИТЕ КНИГУ НЕ ПОЗЖЕ
обозначенного здесь срока

16.04.21	(46)	Сидорова		

Август 1990 г., облит. 6. Зак. № 4303-50000



**Игібай Әлібаев
(1903-1978)**

СЗБМ

Муқимов аъшқазн

объектнинг

Мақшаф
Жекевтеги

Китандоғона

16/08 - 2013 т

16/08

СЕГІЗ 
ҚЫРЛЫ
 **СЕРІ**

УДК 821.512.122
ББК 84Каз7-5
Ж 42

Жекеев Шаншар
Сегіз қырлы сері - Астана: «Дәме», 2013.-98 бет

ISBN 9965-9416-6-1

Бұл кітапқа облыс ақыны, жез таңдай әнші, арқалы ақын, қарт ұстаз Игібай Әлібаев туралы, естеліктер енді.

47326

УДК 821.512.122
ББК 84Каз7-5
Ж 42

ISBN 9965-9416-6-1

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл жинаққа облыстық халық ақыны, жез таңдай әнші арқалы ақын, қарт ұстаз Игібай Әлібаев туралы, естеліктер енгізілді.

Көзінің тірісінде және бақилық болғасын жазылған мақалалармен естеліктер кіріп отыр. Республика жұртшылығы Игібай Әлібаевты айтыстың дуалы думанында дүр сүлкініп, шабыт атын шалқыта жөнелетін тарлан талант ретінде жақсы біледі. Ол бірнеше рет айтыстарға қатысып, алқалы жиынды аузына қаратқан дүл-дүл жүйрік еді. И. Әлібаевтың өлең-жырлары республикалық газет-журналдарда жарық көрді, халық ақындарының жинақтарында және, «Айту-ар» деген атпен өзінің жеке кітабы болып басылып шықты. Өкінішке қарай, Иекен туралы жазылған көптеген естеліктер сақталмаған. Оны іздестіріп, ақынның шағармашылығын зерттеуді әдебиет зерттеушілері қолға алатын шығар деп үміттенемін. Игібайдың өмірі мен халқына сіңірген еңбегі, шығармашылығы – бір үлкен әдеби шығармаға арқау боларлықтай тұлға.

Шаншар ЖЕКЕЕВ

Сәбит МҰҚАНОВ

Академик жазушы

1964 ж.

СЕГІЗ ҚЫРЛЫ СЕРІ

Үстіміздегі июнь айында жасы алпысқа толатын, оның туған өлкесі тойлауға әзірленіп жатқан Игібай Әлібаевты біреулерден сұрасаң «Қарт мұғалім» деп, енді біреулері «Қарт әнші» деп, тағы біреулері «Қарт ақын» деп, бір жүйелі адамдар «Қарт артист» деп әртүрлі есім тағар еді. Шынында, олардың бәрінікі де дұрыс: мұғалім, әнші, ақын, артист Игібайды бір өнердің көлемінде ғана сипаттасаң, толық «Игібай» шықпас еді. Ол осы өнерлердің бәрін де бойына жинағандықтан және әр түрінде де халықтың есінде қаларлық еңбек еткендіктен, «Игібай» атанған адам.

Ол қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов өндіріс басқармасы Айтуар аталатын ауылда 1903 жылы туады. Руы – Керей ішінде «таз». Жергілікте елде: «ән аспанда – қазға, жерде – тазға қонған» деген мәтел бар. Сол маңайдағы «бес болыс керей» аталатын рулардың ішінде ән мен күйге таздан асары болмаған. Қалжындаған жұрт «таздың иті де ән салып үреді» дейді екен. Игібайдың туған әкесі Тәжібай Ұлтарақұлы атақты әнші және құс салып, ит жүгірткен саяхатшы болған. Тәжібайдың бала кезінде, үйіне атақты Біржан сал келіп, Ұлтарақ баласының аузына түкіртіп алады. «Содан көмекей біткеннің әншісі болды» деген сөз бар. Мен ол кісіні қартаң тартқан кезінде көрдім. Сонда да ән айтатын, биік дауысты, ән нақысын шебер келтіретін адам еді. Игібайдың шешесі, Қани суырып салма ақын кісі болған. Игібайды Тәжібайдың інісі Әлібай асырап алған, «Әлібаев» болатын себебі сол. Ол да әнші екен. Бірақ шаруасы нашар болғандықтан, қазақ-арба, ер, үй-ағаш сияқты нәрселер жасауды кәсіп еткен.

Кедей шаруалы Әлібай Игібайды бала шағында қозы, қой сияқты ұсақ малды бағуға жалдайды. Сол күнінен «әнші,

домбырашы бала» атанып, көптің көңілін өзіне бөле бастайды. Қыс күндері молдадан сабақ оқып хат таниды да, содан кейін қиссаларды жаттап айтатын жыршы болып кетеді.

1921 жылы Қызылжар (Петропавл) қаласында қазақтың педагогикалық техникумы ашылды да, Игібай соған барып оқуға түседі. Материалдық жағынан қарасар адамы болмағандықтан, төрт жылдық оқуды үзіліспен 1926 жылы бітіреді. Осы кезде белгілі композитор Коцых техникум оқушыларынан концерт труппасын ұйымдастырып, Игібай әнші, домбырашылардың алдыңғы қатарынан орын алады да, труппа 1925 жылы Москва мен Ленинградқа барып концерт бергенде, Игібай зор абыройға ие болып қайтады.

Игібайдың техникумды бітіргенен қазіргі күнге дейінгі уақыты: мұғалімдік, әншілік, артистік өнерлерді араластыра атқарумен өтіп келеді. Бұл жылдардың басым көпшілігі мұғалімдікке арналды. Ол үнемі ауылдық бастауыш мектептерде сабақ береді. Соңғы жылдарда Солтүстік Қазақстан облысының Октябрь ауылындағы «Социал» аталатын бастауыш мектептің мұғалімі.

«Ал, сонда, өнердің өзге түрлерімен қай уақытта шұғылданады?» деген сұрау туады. Ең алдымен, Игібайдың домбырашы, әнші екенін білетін жұрт, ешбір ойын-сауығын оның қатынасынсыз өткізбейді. Ол – атақты Ыбырай ақын Сәндібаевтан бастап сол маңдағы ірі әншілердің көбінен үлгі алған, солардың әндерін жақсы орындайтын адамның бірі. Сонымен қатар, өзі де бірталай сүйкімді әндер шығарып, өзге әншілер оларды үйреніп айтып жүреді. Орташа қоңыр дауысы бар Игібай әнді шебер орындайтын кісі. Жасы алпысқа келгенімен, сол шеберлігінен әлі танған жоқ. Даусы да жақсы сақталған. Өткен 1962 жылдың жазында Игібай бір топ ақын-жазушылармен бірер ай бойына Шығыс Қазақстан облысын аралап қайтты. Сонда көп жерлерде болған кездесулерде, жиналған жұрт Игібайдың даусына және әнге шеберлігіне жоғары баға берді.

Игібай – бала шағынан өлең шығарумен де әуестенген адам. Оның суырып салма әдеті де бар. Жасөспірім шағында, ағайындас, серілеу Қырғыздың Жәукесі деген жігіт әлде қайдан бүркіт қалап әкеп, «Осы бүркітімді бірауыз өлеңге сыйғызшы» десе, Игібай:

«Бірауыз өлең дейсің, Жәуке серім,
Әрдайым ойын-сауық жүрген жерің.
Шұңғыл көз, орақ тұмсық, тақтай қанат,
Алғыр-ақ құс тәрізді талтақ керін» - депті.

Содан сол бүркіт «талтақ кер» атанып, өте алғыр бопты. Бір жақтан келе жатқан Игібайды жолындағы ауылда Жақып дейтін бай қондырмай, Игібай:

Бай Жақып, пәле Жақып, сараң Жақып.
Үйіңе баспан енді, қадам Жақып.
Патшаның кезі емес, совет кезі.

Асықпа, болар күнің қараң, Жақып – деп жүре берген екен. Жақыптың баласы жүгіре шығып, жалынып-жалпайып қондырыпты, жақсы қонағасы беріпті.

Игібайдың қағазға жазған біраз өлеңдері, әр кезде, газет-журналдарда жарияланып жүреді. Ол өз әндеріне сөзді өзі жазып, кейін халық әндеріне айналып кетеді. Оның «Жастық» дейтін термелері әдемі әнін Көкшетау, Қызылжар әншілерінде сүйсініп орындалмайтыны кем де кем.

Игібай – шын мағынасындағы халық артисі. Оның жүрген, тұрған жерлері үнемі сауық. Ол бір жерге бара қалса, халық жиналады да, «күнімен, түнімен» дегендей, ән айтудан жалықпайды. Оның репертуары өте бай: халық әндерін де көп біледі, Біржан, Ыбырай, Ақан, Жаяу Мұса сияқты халық композиторларының әндерін де көп біледі, нота үйренгендіктен, қазіргі композиторлардың баспада жарияланған әндерін де көп біледі, нота үйренгендіктен, қазіргі композиторлардың баспада жарияланған әндерін де үйреніп ап айта береді. Өзі шығарған әндер де бірталай. Осы-

лар келер күн, келер түн айтса да жетеді. Және ол әндерді жансыз түрде емес, жандандыра, құтырта, екпіндете, ырғақтарын әдемі келтіре айтады, сондықтан жұрт қызына қуаттап, дауыс қосып отырады. Игібайдың әдетінде пәлдену, еріну деген болмайды. Жас демей, кәрі демей, өлеңді кім айт десе де айта береді. Әнді орындағыштығының үстіне ол әзілқой, ойыншы, күлдіргі адам. Оларының бәрі өте сыпайы түрде келеді. Сондықтан да ол жолығысқан адамның бәріне сүйкімді.

Бойында осындай өнері бар Игібайдың театр артисі болып кетуіне де жағдай толық. Ол кейбір кезде солай болуға тырысты да, 1930 жылы Алматыға келіп, қазақ драма театрының бір қыс бойы жап-жақсы рольдерде ойнап жүреді. Отыншы жылдардың орта кезінде, бірер жыл Қызылжардың қазақ театрында да артист болды. Ұлы Отан соғысы кезінде екі-үш жыл Қызылжардағы филармонияның қазақ труппасын басқарды. Бірақ театрларда ұзақ тоқырамау жайын өзінен сұрасан:

Себебім екеу: бірі – ауылдағы мектеп тарта береді, онсыз тұра алмаймын, екіншіден, театр сахнасы маған тарлық етеді, маған қажет сахна – кең дала, көп халық, – деп жауап береді.

Қалжыңмен айтатын үшінші жауабы да бар. Ол – «қалаға қарындасым жібермейді, ауылды жақсы көреді, соның көңілін қимаймын» - деуі.

«Қарындасым» дейтіні – әйелі Кәукер. Ол да «таз» руының қызы. Әкесі – Ережеп ауқатты болған адам. Осы қызбен көңіл қосқан Игібай, ұлықсат сұрап әкесіне кісі салса, «кедейге қыз бермеймін» деп маңына жолатпайды. Игібай совет заңына сүйенеді де, 1927 жылы Кәукерді Қызылжарға алып қашады. Ережеп Игібайды өлтірмек те болып, бірнеше жыл көрмей қояды. Олар ақыры, балалы-шағалы болғанда ғана табысады.

Игібай – серілігінің үстіне сымбатты, сұлу да жігіт. Оның үстіне ойнақы артист мінезді. Сондай адам бола тұра, сүйіп қосылған Кәукерін ренжіткен күнін естіген де, көрген де жоқпыз. Сарғылт өңді, сары шашты Кәукердің де бірсыдырғы сымбаты мен кескіні бар. Бірақ адам бұзылайын десе, оған

қарай ма? Игібай өйтпейді, еркелетіп «сары қатын» атаған Кәукерін үнемі қадір тұтады.

Кәукер бірнеше құрсақ көтергенімен, тірі қалғаны – жалғыз Жалбыр ғана. Ол қазір Москвадағы техникалық жоғары мектептің біреуін бітіруге жақын жүр. Оның әйелі Алматыдағы әйелдер педагогикалық институтын бітіріп, қайын атасымен қатар ауылда мұғалімдік құрады. Кәукердің ермегі – кішкентай немересі. Бұл – ауылдағы өте мәдениетті, тату, бақытты семьяның біреуі.

Осы семьяның атасы – Игібай, міне, алпыс жасқа толып отыр. Сол жастың ішінде Отанына, халқына сіңірген еңбегі – ұлан-байтақ.

Игібаймен ойнағанда, «сән шайтан қартайғанда қартаарсың» дейтін ек. Өткен жылы Шығыс Қазақстанды бірер ай бірге аралағанда байқасам, олай емес екен. Қазір оның сұлуша ақсұба беті әжімделген, бұрынғы қара бұйра қалың шашы сиреп, бурылдана бастаған, халық алдына домбыра тартып, өлең айтқанда, теке көзденіп ойнақшып кететін қап-қара, мөп-мөлдір қарашығының төңірегіне бозамық сақина орала бастаған, сондықтан қағазға қарағанда көзілдірік киюге айналған, бұрын тіп-тік денесі ептеп еңістенген...


Сонда да, «жүйріктің шабысы қалса да, қырыны қалмайды» дегендей, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, топ көрсе, құтырына қалу салты Игібайдың бойында әлі бар екен. Онысын өткен жылы Шығысты аралағанда көрдік. Біз онда көп жиындарға кездестік. Солардан бір мысал: Алтай тауының бір биігінде, «Шұбар ағаш» дейтін жайлауда. Күршім, Марқакөл, Зайсан аталатын үш ауданның малдары жатады екен. Сол арада болған кездесуге атпен, түйемен, машинамен ... дегендей, мыңдаған адам жиналды. Сол арада екі күн, екі түнге созылған мәжілісте, әндерін халық сүйсіне тыңдаған Игібайдың аузы жабылмады, даусы сембеді десек, асырып айтқан болмаймыз. Сонда, халықтың өзі аяп, «енді біраз дем алсын да» деп тарағанмен, егде тарқан әнші, шаршанқырағанын сонда ғана аңғарып, жастыққа басы

тие қалғып кеткенмен, сырттан «әлгі ақын ұйқыда ма, ояу ма?» деген дыбыс естілсе-ақ, Игібай «ояуымын» деп түрегеледі де, «даусым ашылсын» деп тезірек сүт құйған бірер шыны аяқ шайды ішіп, күткен халық арасына барып, тағы да ән бастайды. Шайдан ба, халықтың қошаметпен көтермелеуінен бе, ұйықтар алдында қарлығыңқыраған дауысы тағы ашылып, әнді тағы да үдей шырқап, құтырып кетеді... осындай адамды «халық артисі» демегенде, кімді дейміз?... Халықтан шығып, халықпен қайнасып қосылып кетті деген осы болады!... Қоғамдық өмірінде адамға бұдан артық бақыт бар ма?

Халыққа көп еңбегі сінген Игібай, міне, алпысқа толды. Ол да, әрине, бірталай жас. Осы жасын ескертсең, Игібай жәбірленген сияктанып: - Кешегі Ыбырай, Жамбыл, Шашубай сексен, тоқсан жастарында халыққа өлең-әнімен қызмет атқаруды доғарып па еді? Жасы сексенді алқымдағанымен Кенен ақын әлі ән мен өлеңде жастар мен жарысып келе жатқан жоқ па? Оларға қарағанда, мен әлі бала емеспін бе?- дейді.

Рас. Шын халықшыл өнерпаз, неше жасқа келсе де, білген өнерімен халқына қызмет етуден танбайды. Игібай да сондай өнерпаздың бірі. Ол – «сегіз қырлы, бір сырлы» дейтіндердің қатарынан орын алатын өнерпаз.

Халықтық өнерпаздың алпыс жасына құтты болсын айтумен қатар, сегіз қырлы серіге әлі де ұзақ, бақытты өмір тілейміз.



ТАРЛАН ТҰҒЫРЫНДА

Жасыл жайлау жазираның жұпардай саф самалына кеуде кере, құшақ ашып тұр екен ол. Селоның шетіндегі үйінің іргесінен-ақ қалы кілемдей көсілген көкмайсаға құмарлана қарап, сонау кең кемерге қуана көз салғанда жүзінде жеңіл лыпыған жұқалаң мұң желпіп өтті де, іле шаттық сезімі билеген нұрлы толқын тулап қоя берді. Бәлкім, әлгі бір алыстан қайырылған назды мұң мына ақселеу мұртты ақынға ақбас бурадай желкілдеп жеткен жетпістің сәлемін сұңқылдатқан шығар. Ал, ақынның шабыт құсы шамырқанып, жанарында отты жалын жасаурап, көкірегінде өлең қоңырауы күмбірлеп қоя берген еді. Енді қазір ана салалы саусақтар домбыра пернесіне жанасса-ақ болды-ақ, жаңбырдай жыр нөсері төпелеп өтер өр қанат қайратпен құрсанғанды. Көлденеңнен біреу «ха-ла-ла-ла-ла-лай» деп желпініп жіберсе желдей есіп кетер едің-ау жорғасынан жаңылмаған тарлан боз. Толқып тұр, шалқып тұр.

– Армысыз, ақын аға! - деген дауысқа жалт қарап, тұғырда түлеген қырандай саңқ етіп, жауап қатты.

– Бар бол. Масатыдай құлпырар жердің жүзі,... - деп Игібай ақын белгілі жыр жолдарын термелей түсіп, тебіренген үн танытты.

– Өлең өріп жібермейсіз бе? – дегенде барып, іркілмей-ақ сол арада мына, жолдарды суырып салды:

Бұрыннан қалған ұрпақ біз қатарлы,

Бір кезде кедей батрақ алтынның сынығындай жарқылдатып жеткізген ақын, әнші, композитор. Иекең өмірдің біраз тауқыметін тартқан адам. Ол жасынан байдың есігінде жалшылық етіп, жоқшылық зардабын көрді. Әншілік өнерге ерте талпынған болашақ ақын тоғыз жасында қолына домбыра ұстап, топ алдына шығады, термелерді, қиссаларды

үйренеді. Иекеңнің әкесі Әлібай, ағасы Тәжібай өз төңірегіне біршама әнші болған адамдар, ал шешесі Қали ептеп өлең де шығарған. Міне, осындай ортада өскен ол ақындық әншілікті ерте еншілейді.

Пролетарға бостандық,
Алып келген – Октябрь.
Мәңгі нұрлы шамшырақ,
Жағып берген – Октябрь.
Жаңа тарих – бақытқа,
Қадам ашқан – Октябрь.
Достық туын желпінтіп,

Алға басқан – Октябрь, - деп шабыттана жырлаған Игібай Әлібаев алғашқы өлеңдерін жаңа заманға арнады. Оның баспасөз бетін көрген тұңғыш тумасы «Октябрь» деп аталады. Білімге, өнерге құмарта асық болған жас жігіт 1921 жылы Петропавл педагогика техникумына оқуға түсіп, мұғалім мамандығын алып шығады. Сауатсыздықты жою күресінің, коллективтендіру науқанының ен ортасына білек сыбана араласқан ақын жалынды жырларымен, асқақ әнімен жаңа өмір шаттығын шабытпен шалқытты. Иекеңнің әртістік дарынын жіті шалған қазақтың тұңғыш режиссері Жұмат Шанин Алматыға келгенде оның қуатты, рухтандырушы күші мол еді.

Билетемін, ойнаймын,
Домбырамның күйіне.
Ойнаймын да тоймаймын,

Заманыма сүйіне, - деп желдірте жырлағанындай Иекең соңғы жылдары өлең өлкесіне орақты ората салып, жемісті еңбек етіп жүр. Шығармалары республикалық, облыстық газет-журналдарда, жинақтарда жариялануда. Халық ақындарының Алматыдан шыққан көлемді жинақтары «Пернедегі термелер», «Еңбек күйі», атты кітаптарда Әлібаевтың творчествосына мол орын берілген.

Игібай ақынның творчествосы туралы сөз еткенде алдымен оның халықтың ең ортасынан шыққан шынайы талант екенін баса айту қажет. Ол шаршы топтың алдына шықса, арқасы күдерленіп ағындап жөнелетін еді.

«Қазақстан», «Домбыра», «Биші қыз» дастандары әртүрлі тақырыпқа арналып, ақынның құлашты кенге салар қарымды екенін танытты. Иекең атына септелер атаулар көп. Ол ақын, әнші, композитор, халық әндерін жинаушы. Әлібаевтың орындауында бірнеше халық композиторларының әндері грампластинкаға жазылды. 1958 жылы ол қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өткен онкүндігіне қатысып, Кремль театрының сахнасынан ән шырқады.

Ленинше еңбек етсем деймін елге,

Баршаға ақ жүректен таңды құшам — деп соңғы өлеңдерінің бірінде жырлағандай, Игібай Әлібаев жетпістің жотасына көтерілгенде де кемел талантпен толысып, еліне, халқына қызмет ете берсін дегіміз келеді.

Міне, бүгін жалпы емес әнші атанды. Әп-сәтте жарқылдап күліп, жадырап, жайнап кетті. Даусы да сол бұрынғы қалпы сыңғырлап тұр. Домбыраның пернесіне саусағы тисе тұла бойы тұтанып, жанарынан отты ұшқын жалт-жұлт етеді. Ақындық арыны асау тарпыған тарлан тұғырында дүр-дүр сілкініп, жыр жалынымен лаулап тұрғандай екен Игібай ақын. Облыс, республика өңірінде аты кең мәшүр міне осы атақты халық ақыны Игібай Әлібаев бүгін жетпіс жасқа толып отыр. Ақынның бұл торқалы тойын әдебиет сүйген қауым құрметпен атауда.

Жанағы бір жыр жолдарына зер сала үңілсек, Игібай ақын өмірінің көп сырларына қанық боламыз. Расында да, бүгіндер Игібай Әлібаев өз сөзімен айтқанда «бұрыннан қалған ұрпақ», яғни сонау Арқаның дұл-дұлдері Біржан сал, Ақан сері, Ыбырай сынды әйгілі халық ақындары, әншілері, композиторларының тамаша дәстүрін жалғастырушы. Ол халық ауыз әдебиетінің асыл затты үлгілерін жинастырып, атақты сахна саңлақтары Әміре, Иса, Қалибек, Серке, Елубай-

лармен бірге өнер көрсетіп, бірнеше спектакльдерде ойнайды, жақсы талантымен танылады. Одан соң Петропавлдағы қазақ драма театрында, облыстық филармонияда еңбек еткен жылдары да ақын өмірінде елеулі кезеңдер болғаны анық. Қолына қалам мен қаруды қатар ұстаған Игібай Әлібаев Отан соғысының майданында ерлігімен, қаһармандығымен көзге түсті. Жауынгерлерді жеңіске жігерлендірген жырлар жазды, окоптарда аз сәттік тыныс шақтарында ән әуелетті.

Сұр шинель әрі төсек, әрі жастық.

Келгенде ұйқы шіркін, әбден мас қып.

Сұранып командирден дем алуға,

Жатамын да қаламын орап тас қып, - деп қолма-қол суырып салған өлеңдер сол кезде, әрине көркемдік жағынан ақсап жатуы ықтимал, бірақ мұндай жалт етпе жырлардың жігерлендіретін күші, кеңінен әуелеткенде тарылмайтын тынысы кең талант, қарсыласын асқақ әнімен айбындырып тастайтын тамаша әнші. Соңғы жылдары Игібай Әлібаевтың облыстық, республикалық айтыстардың бәріне қатысып, жүлделі атанып жүргені осы талантының мол қуатын аңғартатыны анық.

Ленин нұры - дем берген ерлеріне,

Жауды аямай қарата жеңгенімде.

Ғажайып жарты ғасыр заман өтті,

Қуандым Ленин тойын көргеніме, -деп шалқыған Икең ұлы көсемнің туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық айтыста шоқтықты көрінді. Халық ақыны жырларының тақырыбы сан алуан. Ол күнделікті өмірдегі жаңалықтарды жіті аңғарып, өлең өзегіне ереді. Туған жер, Отан, партия туралы толғаған жырлары, Өскемен, Павлодар сапарына арнаған өнер циклдері назар аударарлық болып отыр.


Соңғы кезде Игібай Әлібаев поэзияның соқталы жанрларына қол артып, поэмалар жазып жүр. «Өтегеннің арманы»,

«Өмір дастаны» дастандары жоғары бағаланып, ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет грамотасымен наградталды.

...Көкмайсаның үстінде көңіл палқып отырған ақын бір-екі термені төкпелеп желпініп алды да, өз жырларын желдірте жөнелді. Қаздиган қайратты қалпы да; сынық түспей сынғырлаған сұлу даусы да Иекенді тіпті жетпістің жайлауына жарқылдатып жеткізгендей-ақ.

– Биыл «Жазушы» баспасынан «Айтуар» атты өлендер жинағым шығады. Ал қазір «Қызылжар» атты поэма жазып жатырмын, -деп Иекен мұртынан күліп, жүзі нарғтай жанып, жанары жайнай түседі.

Жетпістегі кейбір шал,
Қолынан түспей таяғы
Бүкірейіп белдері
Қамыттанған аяғы,
Сондайларды көргенде.
Алшаң басып кетемін,
Қатарласып келгенде,
Жастықтай жайнап өтемін, - деп ол домбыраны
шертіп-шертіп жіберді. Жетпістің жотасында да жыр жалауың
желбірей берсін, Иеке демекпіз!



**АЙТЫСТЫҢ АҚТАНГЕРІ
ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ**

Баласы Әлібайдың Игібаймын
Гүлбақшада сайранған бұлбұлдаймын.
Домбырам екі шекті жан серігім,

Алуан түрлі ән салам, жаңылмаймын – деп осы бір
шумақ өлеңмен өзінің бар болмысын көрсете білген арқалы
ақын асқақ әнші Игібай Әлібаевтың туғанына 100 жыл толғалы
тұр. Ол 75 жасында дүниеден өтті. Сол жылдары сонау
балалық шағынан бастап қаншама өлең шығарып, қаншама
ән айтты десеңізші. Оның балалық шағы қиыншылықта өтті.
Ол туралы ақын «Албырт шақ есімде» деген өлеңінде.

Албырт күн әлі есімде бала шағым,
Тұманды сияқты еді, бұлар сағым.

Түн күзет, күн бақташы елден жырақ,

Көре алмай, аңсап-талып қызықтарын – деп есіне
алған болатын.

Игібай Әлібаев төкпе ақын, асқақ әнші, өз өлеңдеріне өзі
ән шығаратын сазгерлігімен бірге асқан суырып салма айтыс-
кер ақын еді. Бүкіл қалың ел оны айтыстың ақтангері деп бе-
кер атамаса керек.

Игібай Әлібаевтің айтыскерлік өнері, әсіресе, облы-
сымызда көп жылдардан кейін 1957 жылы сол кезде облы-
ста идеология жұмысын басқарған белгілі қайраткер қазақ
өнерінің жанашыры Ілияс Омаровтың ұйымдастыруымен
қайта жаңданған ақындар айтысында көзге түсті. Осы айтыс-
та ақын:

Менің атым Игібай,
Сөзге терен, тілге бай.

Дәл осылай деуші еді

Ақын ағам Молдабай, - деп нәсерлете термелеп мөлдір жырларын жарқылдата шығып еді сахнаға. Сол жолы ол өзі тұрған Октябрь (қазіргі Шал ақын) ауданының намысын қорғап, жүлделі орынға ие болды. Сол жылы Игібай Әлібаевқа өзінің әріптестері Ахметжан Нұртазинмен, Темірғали Хасеновпен бірге облыстың халық ақыны атағы берілген болатын.

Бұдан кейін осы дәстүрлі халық өнері облысымызді кең тарады, айтыс совхоздар, аудандар арасында өткізіліп олардың жеңімпаздары облыстық айтыстарға жолдама алып отырды.

Осындай айтыстың бірі Октябрь (Шал Ақын) ауданындағы Новопокровка және Заря совхозының ақындары – Ахметжан Нұртазин мен Игібай Әлібаевтың айтысы болды. Сол кездегі дәстүр бойынша екі ақынның да өлеңдері өз ұжымының табыстарын мақтап, қарсыласының кемшіліктерін сынауға бағытталды. Мұндағы мадақтау өз ұжымының адамдарын жалаң дәріптеу үшін емес, қоғамға пайдалы еңбегімен көзге түскен ерлерді, озық табыстарға жеткен ұжым мен оның мүшелерін, олардың азаматтығын көрсету үшін айтылды. Сонымен бірге айтыс сын мен өзара сын құралы ретінде де пайдаланылды. Ұжымда орын алып отырған кемшіліктерді, ұжым жұмысын дұрыс ұйымдастыра алмай отырған басшыларды, еңбекке қырсыздарды өткір сыншылықпен әшкерелеп, қарсы жақты олқылықтарды жоюға бағыттап, істі алға бастыруға шақырып отырды. Мысалы, осы айтыста Иекен:

Айтыс деген жүректі тербетеді,

Еліміз әділ сынмен ер жетеді.

Күшейсе елімізде өзара сын

Көздеген нысанаға кол жетеді, - деп, сын мен өзара сынның елдің ілгері басуына пайдалы екенін көрсетті.

Игібайдың өзге ақындардан өзгешелігі – айтыс үстінде өзі суырып салып шығарған өлеңін нақышына келтіре шебер орындап, асқақ дауысына күмбірлеген күміс үнді домбырасының үйлесіп жататыны еді.

Игібай Әлібаевтың өлеңдерінде небір әдемі сөз тіркестері, биікке қол созып, алысқа құлаш ұрған халқымыздың өршіл ой-арманын көрсететін түйінді афоризмдер мен мақала-мәтелдер, әр алуан іс пен көңіл күйлерінің көріністері сөз өрнегіне құйылатын. Ол айтыс үстінде жұртшылыққа нәрлі сөзімен, асқақ әнімен ғана емес сонымен қатар артистік шеберлігімен де ұнайтын. Оның осындай ерекшелігін айтыс кезіндегі қарсыластары да мойындайтын. Бірақ ол қарсылыстарын жөнсіз сынап тұқыртпайтын, қайта оларды қоғамдағы кемшіліктерді сынап, еліміздің өркендеуіне ат салысуға шақыратын.

Сондықтан да болар 60-70 жылдардағы айтыстарда халық ақыны Игібай Әлібаев, көбінесе, ақындар айтысын өлеңмен ашып беріп отырды.

1960 жылғы шілде айында Қазақ ССР-ның 40 жылдығына арналған облыстық айтыс Петропавл қаласының сол кездегі циркінде өтті. Оған облысымыздың 7 ауданының ақындары қатысып сайысқа түсті. Осы айтысты Иекең мынадай жалынды жырымен ашты:

Құттықтап жырмен бүгін 40 жылды
Әніммен қарсы аламын жұртшылықты.
Бағытта Отанымның өткен шалқып,
Жаны дос, жақын туыс, барлық жұртты.

Білгенге бұл айтыстың жөні басқа,
Толғанда туған елім 40 жасқа
Кеңінен құлаштаңдар, ақын достар,
Ақтарып алтын жырдың аузын аш та, - деп ақын әріптестеріне сөз тастады.

1967 жылы Қазан революциясының 50 жылдығына арналған облыстық қазақ өнері күнін филармония ғимаратында облыстық мәдениет басқармасының бастығы Сейпіл Уақпаев кіріспе сөзбен ашты. Ал сол өнер мерекесінің бір бөлімі ақындар айтысын халық ақыны Игібай Әлібаев бастап берді.

Көліндей Көкшетаудың өлең-жырға,
Ақындар жиналыпты бүгін мұнда
Бәріңді мерекемен құттықтаймын,
Даусымды көтеремін асқақа шынға, - деп жұртты бір
сілкіндіріп өзіне қаратып алып Иекең:

Бұл айтыс ата-баба берген мирас,
Қашаннан құрметті де қатты қимас.
Бірақ та құйылатын арнасы бір,
Сондықтан ақындарым құптас, сыйлас, - деп
жиналған қауымға айтыс туралы, ақындар туралы қысқа да
нұсқа түсінік беріп кетеді. Одан әрі:

Айтыспен талай ақын сырын шерткен,
Мен едім ұстаз болып, жастарды ерткен.
Сөйлейік, уа, жолдастар, бүкпелемей,
Жүредік сағынысып көрмей көптен – деп енді тура
ақын әріптестерін айтысқа шақырады. Және өзінің жас
ақындарды баулып жүрген ұстаз екенін де білдіреді. Бұл
айтысқа майталман ақындар Иекеңнің замандас әріптестері
Ахметжан Нұртазин, Ғалым Малдыбаев, Темірғали Хасе-
нов, Уахит Темірбеков, Зияда Сәрсембаев, Әшім Меңдібаев,
Қаһарман Жантасовпен бірге сол кездегі жас ақын Иекеңнің
шәкірттерінің бірі Кеңес Тынымбаев та қатысқан болатын.

Иекең 1971 жылы жыр алыбы Жамбылдың туғанына 125
жыл толуына байланысты республикалық ақындар айтысына
қатысты. Талай рет айтысқа шығып облыстық, облысаралық,
республикалық бәйгелердің жүлдегері болды. Оның айтыста
айтылған өлеңдерінің мәтіні кезінде баспасөз беттерінде ба-
сылып, радиодан, теледидарлардан беріліп тұрды. Иекең өмір
бойы ізденіс үстінде болды, ақындық әншілік, айтыскерлік
өнерін тоқтатқан жоқ, қайта өзін-өзі қайрап, шабытына ша-
быт қосып, шеберлігін шындаумен болды.

Бұған оның «Жетпістің толғауы» атты өлеңі куә:

Жетпіске келген жасым бар,
Күмістей сақал, шашым бар.
Мәңгі өшпейтін кеудемде,
Жыр деген бір асыл бар.

Әніммен көңіл жұбатқан
Өтті талай асулар.
Халқым сүйіп ұнатқан
Жырымда толқын тасу бар.

Қуаныш, бақыт, шаттығым,
Бір басыма жеткендей.
Қартайдым деп тап бүгін
Ойым жоқ жасып кеткендей

Тағы бір өлеңінде ақын:
Жетсе де жетпіс өтіп сексенің де
Келтіріп мұнанда егде, кексе күнге.
Қоя алман өлең-жырды, тоя да алман
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде, - дейді.

Шынында да, ақтық демі біткенше Икеңнің қаламы мен домбырасы қолынан түскен жоқ еді. Оның осындай ерен еңбегі қазіргі жастарға зор үлгі, өнеге.

ҚАДЫРҚ
Жанбай Тұрарұлы
филология ғылымының кандидаты,
И. Әлібаев шығармашылығын
зерттеуші, 2003 жс.

ТӨКПЕ ЖЫРДЫҢ МАЙТАЛМАНЫ **(Игібай Әлібаевтың туғанына 100 жыл)**

Қазақ әдебиетінің тарихында ақындардың әртүрлі типтері белгілі. Ол ақындық дәстүрдің даму өрісіндегі өзара сапалық өзгешеліктері бар өнер иелерінің даралануымен түсіндіріледі. Бұл орайда академик Мұхтар Әуезов ақындықтың бірнеше саласын ажыратады: эпик ақындар – бұған Марабай; әнді ақындар – бұған Біржан, Ақан, Жаяу Мұса; айтыс ақындары – бұған Шөже, Құлмамбет; халық мұңшылары – бұған Асан қайғы секілді ақындар. Сонымен бірге тарихи өлендер шығарып, хан, патша, зорлығына қарсы күреске үгіттейтін жауынгер ақындардың да мол екенін ескертеді.

Біржан, Ақан, Жаяу Мұса, т.б. әнші ақындар типі ақындық, әншілік, сазгерлік өнер түрлерін ажыратпай қатар қолданудың дәстүрін қалыптастырса, Игібай Әлібайұлы осы ақындық мектепте қалыптасып, түрлендіре отыра жаңашылдықпен жалғастыруға тырысады. Бұл орайда ғалым Т.Тебегенов ақындардың бәріне тән мәселеге тоқталды. Ол: «XVIII-XIX ғасырлардағы ақындық дәстүрдің өкілдері барлығы да жыраулық, ақындық поэзияға тән дәстүрлерді кейде ежелгі қалпын сақтай, кейде түрлендіре, дамыта жаңдандырып отырады, яғни, біріншіден, бұлардың кейбірінің өленді жазып шығаратын мүмкіндіктері бола тұра, суырып салма импровизаторлық дәстүрді сақтап отыру, екіншіден, бұлардың барлығы да өздерінің табан астында тұтқиылдан туған қысқа не эпикалық туындыларын қобыз, беріде домбыра, сырнай секілді музыкалық аспаптарға қосыла белгілі әуендермен, мақамдармен, саздармен орындау», - деп айтады.

Игібай Әлібайұлы шығармашылығына тән ерекшеліктер осынай айтылған ойдан туындайды. Біріншіден, суырып салма импровизатор ақын, оның мақсаты дәстүрді сақтап қалу және жалғастыру, екіншіден, табан астында туындаған туындыларын домбыра үніне қосып, өзіндік әуенмен, сазбен орындай алады. Жалпы әнші ақындардың шығармашылық ерекшеліктері қазақ әдебиеттену мен фольклористикасында музыкалық фольклорға байланысты. А.Жұбановтың, Е.Ысмайыловтың, С.Қасқабасовтың, Р.Бердібаевтың, З.Қабдоловтың, т.б. еңбектерінде қарастырылған болатын. Ақындық дәстүр жалғастығы әр ақын шығармашылығында өзіндік ерекшеліктерімен дараланып отырғанымен, бір арнаға жетілдіріп аңғаруға болады. Себебі олар бір мектептен тәрбие алып, қалыптасқан ақындар. Бұл орайда ғалым-ақын Ә.Тәжібаев: «Лириканың негізі халық өлеңдерінде, әсіресе сал-сері атанған Ақан, Жаяу Мұса, Біржан, Ыбырай, Әсеттерде жатқандығын» айтса, Игібай Әлібайұлы, Молдахмет Тырбиұлы, Мұса Асайынов шығармашылығына да сал-серілер мектебі үлгі болған. Олар сал-серілердің әндерін орындауда, нақышын сақтап қалуға тырысқан және өз өлеңдерінде белгілі бір мақамға, сазға қосып айтуға тырысқан.

Сал-серілердің халыққа қызмет ету дәстүрінің жалғасындай ХХ ғасырдың орта шеніне қарай концерттік үгіт бригадасы түріндегі өнер шеберлерінің топтары ұйымдастырылды. Игібай Әлібайұлы осындай өнер шеберлерінің топтарын ұйымдастыруға ат салысып қана қоймай, ел-елді аралап, халық әндерін танымал етіп, үгіт жасайды. Мұны ақынның жаңа үлгідегі дәстүрлі жаңалығы деп түсінеміз.

Өнердің алуан түрін жеке бір өзіне жинақтаған осындай өнерпаз жанның қоғамдық-әлеуметтік өмірге араласуы, алдымен, олардың дүниетанымына, сезімталдығына байланысты болса, ақындықтың күші – ақындық шабытқа байланысты екендігі де белгілі. Ақындық шабыт өмірге талай туындыларды әкелудегі жетекші күш болып табылса, Игібай

Әлібайұлына тән дүниетанымдық, сезімталдық, ойлылық, ақындық шабыт қазақ әдебиетінің тарихында айтарлықтай орын алатын туындыларды дүниеге әкелген болатын. Ендігі жерде біз сол әдеби мол мұраның қыр-сырына тоқталамыз.

Сонымен, Игібай Әлібайұлы шығармашылығында өзіне дейінгі ақындық дәстүрдің жалғас табуы – кейінгі ғасырларда да ақындық, жыраулық поэзияға тән ортақ белгілердің сақталып қалуы деп түсінеміз. Мысалы, толғау, арнау жырлардың жанрлық ерекшеліктері ақындық поэзияда қолданылып келеді. Яғни, Игібай Әлібайұлы шығармаларына тән ерекшелік – азаматтық пафосты толғау, арнаулар мен сезімге, лиризмге толы поэзиялық шығармалардың қатар келуі.

Лириканың осы түрлерінің ішінде әнші-ақындар поэзиясы саяси-әлеуметтік және табиғат тақырыптарына жазылған өлеңдерімен ерекшеленеді. Әсіресе, саяси-әлеуметтік тақырыпқа жазылған өлеңдері жиі ұшырайды. Өйткені бұл тақырыптың ауқымы өте кең және адамзат өмірінің алуан қырларын қамтиды. Олар туған жерін, елін, халқын жырларына тиек етіп, елінің елдігін, өмірдегі өзгеріс-құбылыстарды, халқының еңбектегі, майдандағы жеңіс-жемісін де әрдайым жырға қосып отырған. Және осы тақырыптан ауытқымаған, бағыт қылып ұстап, мақсат етіп қойған. Бұл орайда, Е.Ысмайылов халық ақындарының өзіндік ерекшеліктеріне қарай үш топқа бөліп қарауға болатындығын айтады. Яғни, хат танымайтын және жазба әдебиет үлгілерін ауызша естіп білетін ақындар, хат танитын, бірақ жазба әдебиет үлгісін терең ұйғынып, меңгермеген ақындар және хат танитын, жазба әдебиет үлгісін өз бетімен оқып меңгеріп отыратын ақындар деп қарастырады да, Молдахмет Тырбиұлын екінші топқа, яғни, Әбдіғали, Қуаныш, Көшен, Әлібек, Төлеубай, т.б. қатарына жатқызады. Бұдан халық поэзиясының өз дамуында жазба әдебиетімен ұласып, тоғысып жатқандығы байқалады. Олар өмір шындығын халық ұғымына жақын көркемдік ерекшеліктер арқылы бейнеленген.

Игібай Әлібайұлы – халық ақыны және тура мағынасындағы халық ақыны деп қарастырамыз. Ал бұлардың көш басында жыр алыбы, айтыс өнерінің майталман шебері, суырып салма халық ақыны Жамбыл Жабаев тұрса, әрине, оның ықпалы болғандығын да айту керек. Ақын – өз заманының көркем шежіресін жасаушы деп пайымдасақ, жыр атасы Жамбыл жырлаған кеңестік идея, кеңестік шындықты Игібай Әлібайұлы өз өлеңдеріне арқау етіп отырған. Бұған біз ақын ағаларымыздың октябрьді, партияны, Ленинді, Сталинді жырлап, кеңестік саясатының, идеологиясының шеңберінен құрсауынан шыға алмағандығын байқаймыз. Қалай болған күнде де, әнші-ақын ағаларымыздың шығармашылықтарын ешбір көлеңкеленбей, керісінше, бізге жеткізген мұрасын, жырларын аталық мұра деп қастерлеуіміз керек. Өйткені халықтық поэзияның өн бойы, өзегі «халқым», «жерім» деп жырлаған сүйіспеншілік сезімінен туған шаттықтың, қуаныштың жыр-шумақтары болып табылады. Бұл орайда Игібай Әлібайұлы «Қазақстан», «Отаным», «Біржан сал ауылында», «Ертіс әні», «Жаз күні», «Зайсан», «Алатау», «Алтайға», «Марқакөл», т.б. өлеңдерінде туған жерін, халқының жеңісімен жетістіктерін жырға тиек етіп қана қоймай, ерен еңбекке, жеңіске үндеп, рух беретін жырларын төгеді.

Жалпы, Игібай Әлібайұлы шығармаларына тән ортақ ерекшелік – ол арнауға құрылған поэма, толғаулары мен өлеңдері.

Игібай Әлібайұлының кіндік қаны тамған туған жеріне арналған өлеңдері үлкен сүйіспеншіліктен, сезімнен туған жыр-шумақтары болып табылады. Мәселен, «Туған жерім Айтуар», «Жырлаймын Отанымды», «Қазақстан», т.б. өлеңдерін атауға болады.

Ол:

Есімде менің ауылым,
Кезімде балғын дәуірім,
Мекендеп өткен аталар,
Жалағаштың бауырын – деп қасиетті туған мекенін
айтса, «Қазақстан» деген өлеңінде:

Қазақстан аялайды, құшады,
Алаулаған, неткен ыстық құшағы.
Әділдікті, махаббатты мейірмен,
Емірене, бауырына алып қысады.
Астықты аймақ қазынаға тынып тұр,
Ерлер мәз болып, миығынан күліп тұр.
Осы ерлердің өз қолында жасалған,
Ғажайыпты елім менің ұғып тұр, – деп туған елі
Қазақстанды жырға қосады.

Игібай Әлібайұлының сүбелі үлкен туындысы – «Домбыра» поэмасы. Ақын әкесінен мұра болып қалған қос ішекті домбырасын жырға қосып, өз заманының тарихынан сыр шертеді.

Ызындап құлаққа әлсіз бір үн келеді,
Еріксіз тебіrentті бұл үн мені,
Көңілсіз ел, көріксіз қыр елестеп,
Шерлі мұң, қасірет зары күбірледі – мұңды да
қасіретті домбыраның толықсыған үні естілетінін айтса,
Күмбір-күмбір көне күміс көмейін,
Көңіл кірін аршығандай жаудыра,
Үстем болғыр сенің ылғи мерейін,
Сөйлеші бір, сыр төгілсін, домбыра, – деп, күмбірлеген
домбыра үніне мұңды да, сырлы өз үнін қосады.

Ақын домбыраның тағдырын өмірдің тарихи шындығымен ұластыра баяндайды. Жырда домбыра құрал да, зат та емес, жанды бейне түрінде елестейді. Себебі ақын жан серігі, замандасындай домбырасымен өткен өмір жайлы сырласып кеңеседі.

Ол:

О, домбыра, домбыра,
Құлағыңды тең бұра,
Бұл жырды саған жүректен
Арнағалы көп болды, – деп бастап:
Асыл мұра ардақты,

Күй шерткен – көне домбыра, – деп толғанып, домбырасының қадір-қасиетін, ақсақ үнін, талмас қанатын, бітпес күшін, жігерін айтып төгілтеді.

Халық ақындарының арнау өлеңдерінің бір тобы – өздерімен қатарлас өнер таланттарына арналады. Бұл орайда, ақынның «Күләш», «Биші қыз», т.б. туындыларын атауға болады. «Биші қыз» поэмасында ақын Қызылжар өңірінің тумасы, белді биші артисі Мархаба Иманқұлованың шығармашылық жолының қалыптасуы мен ерен еңбегі жайлы баяндайды.

Ақын поэмасында эпикалық жанрға тән қасиеттер анық танылады. Яғни, сюжеттік құрылыс, оқиғаның басталуы, шиеленісі мен байланысы, шарықтауы, шешімі – бәрі де дәстүрлі ақындық тілмен берілген.

Мархабаның сыртқы портретін жасауда ақынның аңыз-ертегілерге тән тамсану әсерін байқаймыз. Ол:

Жарқын сәуле жүзінде ойнап,
Мәз болады балаң жас.
Көбелектер ізінде ойнап,
Төгіледі қолаң шаш.
Құлын, мүсін көрікті, епті,
Жалындайды жас жүрегі, – деп жас бишінің алғашқы
қадамын, қуаныш сезімін аңғартса:

Таңда туған шолпан жұлдыз,
Секілденіп жерде күндіз.
Ақ бантигі жарасып тұр,
Қара мақпал шашына, – деп биші қыздың сырт
келбетін көзге анық елестете, өмірдің шындығына лайықтап
жырлайды.

Кәрілік, жастық шақ ой-толғаныстар қай ақынды болсын тебіrentпей қоймағаны белгілі. Мәселен, кәрілік кез Ақан серінің, Шал ақынның өлеңдерінде өзіндік суреттеу арқылы берілсе, Игібай Әлібайұлының бұл орайда, «Жас шағым», «Қош бол жастық», «Кәрілікке» деген өлеңдерін атауға болады.

Дариғай! Баға жетпес сол бір күндер,
Әлі де елес беріп кетпейді естен.
Сондықтан мұра деп бұл жастық шақты,
Тапсырдым, ұрпағына кейінгі өскен.

Игібай Әлібайұлының шығармашылығы (ақындық, төкпе ақындық, әншілік, сазгерлік) бірнеше өнердің тұтастануынан тұратындығын айтқан болатынбыз. Халық ақындарының шығармашылығына тән өнерлердің ең бастысы – төкпе ақындық. Төкпе ақындық табан астында туындалатын шығарманың әнмен, әуенмен белгілі бір аспаптың сүйемелденуімен болатын өнер.

Төкпе ақындықтың Игібай ақынның шығармашылығында жалғастық табуы – айтыс өнерінің дамуына қосқан үлестері болып табылады. Төкпе ақындыққа тән сезімталдық, шабыттылық, ой ұшқырлығы, дүниетанымдылық, шешенділік, т.б. қасиеттер айтыс өнерінде айқын байқалады.

Игібай Әлібайұлының төкпе ақындығы жайлы айтатын болсақ, айтыстарынан-ақ оның ақындық қуатын танимыз. Ақын бірнеше рет облыстық және республикалық айтыстарға түседі. Айтыстарының кейбіреулері газет беттерінде және «Қазақтың қазіргі халық поэзиясы» жирнағында жарық көрді. Ол Қаһарман Жантасовпен, Темірғали Қасеновпен, Ахметжан Нұртазинмен, Әшім Меңдібаевпен, Уахит Темірбековпен, Мұса Асайыновпен айтысады. Айтыстың сүре түрінде ақындарымыз елінің ерлерін, еңбегін, жеңісі мен жетістіктерін жырға қосып, кемшіліктерін айтып, түзеу боларлық жөн айтады.

Елдегі кемшіліктерді айтып, түзеу боларлық сын айту-ақындар айтысының негізгі мақсаттарының бірі. Бұл орайда, Игібай ақын:

Ақындар, айтысындар, жөн айтындар,
Шындықты, әсіресе, көп айтындар.

Әрқашан сын түзелмей мін түзелмес,

Сондықтан сынды аяусыз зор айтыңдар, – деп тайсалмай шындықты айтуға шақырады.

Ақын Игібай Әлібайұлы - ақындығымен, өнер сүйгіштігімен елге танымал. Дегенмен де, кейінгі жастарымыздың бәрі ақын жайлы біле бермейді. Тілші, ғалым ағаларымыз ұмыт қылмай Игібай Әлібайұлының өмірі, шығармашылығы жайлы әңгімелеп, әр кез газет беттерінен мақалаларын жариялап келеді. Өнердің алуан түрін бір өзіне жинақтаған өнерпаз ақын ағамыздың есімі, шығармашылығы жайлы әр кез оқырман қауымға танымал болуы – игі істердің бірі.



Алтын ИМАНБАЕВА
Қазақстан Республикасына
еңбегі сіңген қайраткері,
2013 ж.

Өнердің жаққан шырағын

Ғасырлар қойнауынан көне заманның күмбіріндей бізге жеткен домбыра үні тыңдаушының жүрек қылын шертіп, әсемдік әлеміне жетелейді. Ата-бабадан қонған асыл қасиет ұрпағына қонса, сол киелі өнерді қастерлей ұстап, ел-жұртын ән шәрбатымен сусындату-арқалы әншінің ғана қолынан келмек.

Аспандағы аққуға үн қосып, сал-серілер дәстүрін жалғастырған, тыңдасаң мейір қандырар асқақ әнді жанына серік етіп, өмірінің мәніне айналдырған өнер иелерінің бірі-Қызылжар өңірінің перзенті, белгілі әнші және айтыс ақыны Игібай Әлібаев еді.

Игібай бала кезінен ағасы Рамазанның домбыра тартқанына қызығатын. Ағасы ағаштан түйін түйген шебер болатын.

Тоғыз жасында қолына домбыра ұстап, ән салған өнерпаз Қылыш ақыннан бата алады. Осыдан бастап бала әнші сол өңірдегі ойын-сауықта өнерімен көзге түседі. Ол ән салғанда аққұба балаң жүзінен нұр төгіліп, шабыттана шырқайтын. Ондайда отты көзі ерекше жайнап, зор даусымен ән тиегін ағыта беретін. Ауылдастары «бәрекелді, көп жаса, өнерің өрге жүзсін» деп ақ баталарын беріп, тағы да ән айтуын өтінетін.

Орта бойлы, қалың бұйра шашты талдырмаш жігіт ән шырқағанда тыңдаушы бір серпіліп қалатын.

Міне, аты алысқа жайылған жас жігіт сөз орайы келгенде жанынан өлең шығарып, кішігірім жиында ақындармен айтыса бастайды. Тумысынан бірбеткей де қайсар, сөзі алмас қылыштай өткір Игібай сөз өнеріне ерекше ден қоятын.

Солтүстік Қазақстан облысы, Жамбыл ауданына қарасты Айтуар ауылында дүниеге келген Игібай Әлібаевтың алғаш өнерге деген талпынысы осылай басталған.

Киелі өнер Әлібайдың отбасында ертеректе қонса керек. Ағайынды Әлібай мен Тәжібай өз кезінде атақты әнші Біржан салдың тәлім-тәрбие алған деседі.

Жасынан ауыл молдасынан сабақ алған Игібай өмірдің мағынасы оқу мен білімде екенін біліп, 1921 жылы Қызылжарда ашылған алғаш қазақ педагогикалық техникумына түсіп, төрт жылда ойдағыдай бітіріп шығады. Ол өмірінің қырық жылға жуық уақытын шәкірт тәрбиесіне арнады, ұстаздық етті.

Игібай Әлібаев 1925 жылы Мәскеу мен Петербург қалаларында өткен қазақ өнерінің онкүндігіне қатысады. Осы сапарда сахна шеберлері Серке Қожамқұлов, Қалибек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақовтармен танысады. Ол кісілер жас жігіттің дарындылығын мойындап, шалқыған әндерін тындап, Қазақтың академиялық драма театрына жұмысқа шақырады. Игібай біраз жыл осы театрда өнер көрсетіп, сахна сырын меңгереді.

Ел басына ауыр күн туғанда Игібай замандастарымен бірге Ұлы Отан соғысына қатысып, 1944 жылы ауыр жараланып елге оралады. Сол жылдары Қызылжардағы облыстық филармонияда көркемдік жетекші қызметін атқарып, халық өнерін дамытуға күш-жігерін жұмсайды.

Баласы Әлібайдың Игібаймын,
Сайраған гүл бақшада бұлбұлдаймын,
Домбыра қолымдағы жан серігім,

Ән салсам жарқыраған жұлдыздаймын, -деп ақын жырлағандай, өз тұтастары Молдахмет Тырбиев, Мұса Асайынов, Темірғали Қасенов, Уахит Темірбеков, Ахметжан Нұртазин және Біржан Берденов сынды айтыс ақындарымен сайысқа түседі. Алдына жан салмайтын арқалы ақын осындай үлкен жиындарда өзінің әнімен, сәнімен, мағыналы ойымен ерекше көзге түсіп, талай бәйгелерде жеңімпаз атанады.

Сегіз қырлы, бір сырлы Игібай Әлібайұлы - өмір мектебінен өтіп, біртіндеп қалыптасқан ақын. Халық ком-

позиторлары Үкілі Ыбырай, Біржан сал, Ақан сері мен Сегіз серінің әншілік дәстүрін ұстап, ел аралап өнер көрсеткен әнші бірде Біржан ауылына атбасын бұрады. Өзінің киелі өнерімен тыңдаушысын тәнті еткен ол:

Бұл ара туған жері ақын Біржан,
Ұшырған жер-жаһанға әнін қыран.
Мен-дағы сол серінің шәкіртімін,
Жасымнан ұстаз тұтып жолын қуған, - деп, жыр
шумағын төгілте отырып, Біржан әндеріне кезек береді.
Сондағы айтқан әндерінің бірі- «Ақсеркеш» еді.

Қазақ әдебиетінің алыбы Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебі» атты жинағында Игібай Әлібаев жайлы : «Жүрген ортасын ән мен жырға бөлеген, кейінгі әншілерге үлгі болған қыз мінезді Игібайды халық мұғалімінен гөрі әншіміз деп шын көңілден құрмет тұтады» деген екен. Шынында, аса шабытпен құбылта шырқаған әсем ән тыңдаушысының өн бойына күш-қуат беріп, мұнын тарқатып, жүрегіне қуаныш ұялататыны мәлім. Осындай әсерлі әнге жанынан шығарған ойлы әндері мен толғаулар қосылса, ұйып тыңдайтын өнер осы болар.

^ Игібай Әлібаев ел аралап Қызылжар, Көкшетау, Атбасар, Қарағанды, Қарқаралы, Кереку, Өскемен және Жетісу жерлерінде өнер көрсетеді.

«Алатау», «Алтайға», «Марқакөл», «Зайсан», «Ертіс әні», «Көкшемен сырласқанда» өлеңдері осының айғағы.

Ақын «Ертіс» өлеңінде:

Жағалап келдім, міне, мен Ертісті,
Ертісім өзен екен ерен күшті.
Көргенде көтеріліп ән шырқап ем,
Аңқылдап толқындары ере түсті.
Ән салған Ертісті өрлеп Естай ақын,
Тұра алмадым жырға қалай қоспай атын,
Дамыл ғып домбырамды көтерейін,
Қырандай көкке жайған қос қанатын,- деп қарт

Ертіспен сырласады.

Игібай ақын Шығыс Қазақстан облысы мен Кереку жерін аралап, халықпен қауышады. Халық композиторлары Ақан, Біржан, Үкілі Ыбырайдың өнері мен өмірі жайлы әңгімелей отырып әндерін насихаттайды.

Игібай ақынның «Айтуар» атты поэмасы туған жерге деген ерекше құрметтен туындаған шығарма. Ал «Біржан аулында», «Қош бол жастық», «Марқакөл» жырлары ел аралаған кездегі әсерден туса керек.

Ақынның Ұлы Отан соғысының ардагері Ысқақ Ыбырайұлының ерлігіне арнап шығарған «Батырға», Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Мархаба Иманқұловаға арнап жазған «Биші қыз» өлеңдері өз кезінде оқырмандардан баға алған туындылар.

1970 жылдары белгілі өнер зерттеушісі Илия Жақанов Игібайды арнайы шақырып, Қазақ радиосының алтын қорына әндерін жаздырды. Әнші шау тартып қалғанына қарамастан, ұнтаспаға тоғыз ән жаздырып қалдырған екен. Сол кезде әншілер көп біле бермейтін Ақан серінің «Жамал қыз», «Ақтоқты», Үкілі Ыбырайдың «Шалқыма», «Қызыл асық», Біржанның «Ақсеркеш», «12 взвод», Шыныбайдың «Аңшы» және халықтың «Жастық», «Қазақстан» әндерін жаздырған. Кейін бұл әндердің біразын Қайрат Байбосынов сахнада орындады әрі шәкірттеріне үйретті.

Игібай атамыздың өнерін сөз еткелі отырғанымның тағы бір себебі-мен бұл кісіні бала кезімнен көріп, әнін естіп өскенмін. Көрші «Қоскөл» аулы біздің «Ортақкөл» ауылынан үш шақырым жерде орналасқан. Осы ауылда Игібай ақын тұратын. Ол кісі біздің ауылға жиі келетін. Әсіресе, әкем жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевпен екеуінің достығы ерекше еді.

Біздің үйге Игібай келді десе, ауыл адамдары жиналып қалатын. Қоңыр домбырасымен ойлы әуендерді тарта отырып ән бастайды. Қыза-қыза Үкілі Ыбырайдың «Қызыл асығын» келіп тоқтайтын. Бұл әнді Игібай мың құбылтып ерекше сезіммен орындаушы еді. Тыңдаушы жүзіне қан жүтіріп, осы бір әсерлі әннен, орындаушының сезім қылын шертетін әсерлі

үнінен ерекше күш-қуат алатын. Екпіндете орындалған ән ауыл адамдарының көңілін жадырататын. Әзілден құрылған әдемі әнді кім де болса, әркез тыңдауға құштар еді.

Игібай ақын 1936 жылы Мәскеуден шығатын күйтабаққа Сегізсерінің «Қарғаш», Мәдидің «Қаракесек» және Мұхиттың «Айнамкөз» әндерін жазған екен. Өкінішке қарай, алтын қорымызда бұл әндер жоқ.

Ән дәстүрін жалғастырып, өнер шырағын келешекке аманат етіп қалдырған сал-серілердің соңғы тұяғы, Игібай Әлібаевтың биыл туғанына 110 жыл толып отыр. Туған халқына адал қызмет еткен сегіз қырлы, бір сырлы Игібай ақынның торқалы тойын облыс көлемінде айрықша атап өту облыс әкімшілігінің басты міндеті. «Ер есімі ел есінде» демекші, бәріміз арқалы ақын әрі тамаша ақын, ұлағатты ұстаз Игібай Әлібаевтың тойына ат салысайық, ағайын!



Көкен КОПЫШЕВ

*Соғыс және еңбек ардагері,
И. Әлібаевтың шәкірті, 1993 ж.*

ӨРШІЛ ӨНЕРДІҢ ТАРЛАНЫ

Дамылсыз жылжыған уақыт, содан да болар ма екен, кешегің дәл қазіргідей ойыңа оралады. Дүниеден өткеніне биыл 15 жыл болып қалса да, асқақ әнімен, сұңқылдаған домбырасының сазымен құлағымыздың құрышын талай рет қандырған асқан дарын, өнер иесі Игібай Әлібаев бүгін де ортамызда жүрген сияқты. Өлді деп айтарға ауыз бармайды, кең өлкелі еліміздің бір өңірінде сайран құрып жүргендей сезінесің. Егер тірі болса, осы жазда 90-ға толған торқалы тойының ішінде болар еді, құдіретті өнерінің тағы да куәгері болар едік-ау. Той тойланар, есімін талай адам қайталап айтар, аруағын сыйлап, дарынына бас иіп, жылы-жылы лебіздер мен естеліктердің айтылуына да күмәнім жоқ.

Иекенді кім білмейді, бәріміз де білеміз. Қазіргі 25-30-дан асқан азаматтардың Иекенмен кездеспегендері кемде-кем болар. Қазақтың асыл бесігі Арқа түгел біледі, Алтай да, Жетісу да, астанамыз Алматы да біледі, бұрынғы Одақтың астанасы Мәскеудің жұртшылығы да әндерін қол соғып бірнеше рет тыңдаған. Тамылжыған әсем әндер кімнің жанын баурамайды, кімнің ой, рухын көтермейді. Қандай жерде, қандай ортада ән салмасын, қандай ақындармен айтысқа түспесін шоқтығы жоғары тұратын асқақ дарын Игібай Әлібаев, оны тыңдаған адам бір жасап қалатыны да анық. Менің Иекенді бірінші рет көруім де қызық, кереметі де оның өршіл ғаламат саңқылдаған дауысын естуім маған бір жаңа дүниенің есігі ашылғандай сезім қалдыруында. Бұл 1927 жылдың тамылжыған жазы еді. Ескене атамыздан тараған біздің бес ауыл, Көшебеден екі ауыл Айдабол қайран көлінің екі жақ бетіндегі қыратта отыратын.

Бір күні ойда жоқ жерде ауыл-ауылдың арасында атты, жаяу адамдардың жүрісі көбейіп, сөз дегенің гулеп кетті.

Айтатындары:

Тағы кімдер барады екен?

Әпен, Қапен, Бейсембай, Базар

Қашан жүреді?

Неше жылға, кайда?

Қайдағы жыл, екі айға деп естідім, Өрнекке.

Кәдімгі Андағұл Аю мешітінің маңындағы Өрнек пе?

Онда олардың қандай керегі бар?

Керегі несі, солдаттың ойынын үйретеді, әскерге барады.

Аллау, мұндай сұмдық қайдан шықты, анау 16-17 жылдағыдай емес пе, естерінде ме біздің Қабдолла, Сағындықтың Сыздығы, Берденнің Біржаны Піскіп, Рәпгә деген жерлерде солдат болып, әйтеуір құдай сақтап соғысқа кірмей, жер қазумен азап шегіп, елге әрең-мәрең дегенде оралған жоқ па еді – деп шуласты.

Құдайым-ау, одан сақтасын, бетін аулақ қылсын – деген менің шешем Ақжүністің да сөзі естілді. Осы сәтте – әне, Игібай бастаған бір топ жігіттер келе жатыр, алдынан шығайық! – деген біреудің айғайы құлаққа ашық естілді. Біз бір топ бала (ішінде мен де бармын) сол айғай шыққан жаққа қарай жүгіре жөнелдік. Қарасак, Игібайдың қасына көрші ауылдардың өнерсүйгіш жігіттері Ахметтің Сауытпайы, Ақпанның Сексенбайы, Әутәннің Еркебұланы, Сәкейдің Қабиы, Нұрмазанның Жанғалиы, Шаймерденнің Бөкеші, Бақтыбайдың Ырыспайы, Мүсірәлінің Сейташы, Рамазанның Құрмашы бар. Игібай найза бойы топтың алдында. Астында жарау келген көк аты бар, қагілез аққұба, кырмұрынды, ат жақты, өткір көз шымыр денелі, қанатын қомадаған ақиық қырандай көздің жауын еріксіз өзіне үйірген келбеті мен атының басын тежеп тұра қалды да, қанжығадағы байлаулы жәшікшеден бүктемелі домбыраны алып, құлағын бір-екі рет бұрап жіберіп, әуелетіп әнге басты. Ауылдың адамдары әлгіндей болмай жиыла қалды. Игібай ат үстінде тұрып:

Баласы Әлібайдың Игібаймын,
Сайраған гүлбақшада бұлбұлдаймын.
Домбырам қолымдағы жан серігім,
Алуан түрлі ән салам жаңылмаймын.
Ассалаумағалейкүм, қалың елім,
Тыңдандар, ән айтамын шырқап бүгін.
Әпен, Қапен, Бейсембай, Базарменен,
Бас қосуға әдейі келіп тұрмын,
Білемін бүгін, ертең той боларын,
Жолдары жігіттердің оң боларын.
Ақ ниетпен тілейік ағайындар,
Жастардың аман есен ораларын.
Төртеуі де даланың гүлдеріндей.
Айшығы анық кілемнің түрлеріндей.
Той думанда, бар істе бір саптамыз,
Айрылмас ғашықтардың жүрегіндей – деп
санқылдатты.

Иә, бұл Игібай Әлібаев еді. Ән әрман қарай жалғасты. Көрші ауылдарда шақырыста жүрген Иекеннің достары да, олардың қасына ерген қыз-бозбалалар да келіп қалды. Менің ағаларым: Әпен, Қапен, Бейсембай, Базар келген бетте Иекенді қасындағы жігіттері аттан түсіріп алып, кезек–кезек құшақтасып амандасып, көптен бері бірін–бірі көрмеген сағыныштарын басып жатты. Осы көрініске назар аударған жұртшылық бұлардың өзара сыйластық, достық ниеттерінің адалдығына тамсана қарасты. Әсіресе, елдің қадірлі ақсақалы Қуандықтың Бірімжаны өзінің қуаныш сезімін жасыра алмай:

– Қарақтарым, өркендерің өссін, татулық, достық деген осындай болсын! Игібай, айналайын, аман жүрсің бе, әкелерің Тәжібай, Әлібай, шешелерің, анау жалғыз ағаң Рамазан аман ба? Достарың келіп қалдың ба, хош келіпсің! – деп Иекене ерекше назар аударды.

Расында ауыл ішінде сол күндері қаулаған әңгімелердің де, жастардың ауыл–ауылды аралап сауық құрулары да Иекеннің жолдастарымен біздің ауылға келуінің сыры әскер

жасына алған біраз жігіттердің 20-30 шы жылдар аралығында болған Қызыл әскер ауданының орталығы Өрнек ауылына екі айлық әскер ойынына (сборға) аттанар алдындағы жайларға байланысты екен. Бұл осының мәнінен хабары жоқ ауыл адамдарының (әсіресе, қария ата-аналардың) абыржуын туғызған. Олар жастарды армияға алып жатыр деген ұғымда болса керек. Бұның өзіне 60 жылдан асып кетті. Содан бері есейе келе Иекеннің көзінің тірісінде ел маңында болсам да, қызмет бабымен шет жерлерде жүрсем де, ара-қатынасым үзіліп көрген жоқ, сол қатынас қазір де Иекеннің жанұясы мен балалары, немерелерімен сақталуда.

Бұған да бір себеп бар ғой деп ойлаймын. Иекеннің әкесінің інісі Тәжібай ақындығы бар, әнші болған адам. Иекен ең алдымен сол кісінің тәрбиесінен өткен. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген. Халық айтқандай, Тәжекеннің өнерін күнбе-күн бойына сіңіре беруі жас баланы өнер айдынына шығуына жол ашқандай болып көрінеді.

Иекен жайында айтар естеліктерім көп. Бірақ оның барлығын бір мақалаға сыйғызудың мүмкіндігі жоқ. Сондықтан солардың ішіндегі кейбіреулеріне тоқталғанды жөн көріп отырмын. Ең алдымен Иекенді сөз еткенде ХІХ ғасыр ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қазақ халқының өнер әлеміндегі жұлдыздары: Сегіз сері, Біржан сал, Ақан сері, Балуан шолақ, Әсет, Ғазез, Үкілі Ыбырай, Шашубайдың дәстүрін өз кезіндегі, өзінен кейінгі ұрпақтарға жалғастыруға сіңірген еңбегін баса атау керек. Иекен әндерді өте көп білуші еді. Әнді орындамас бұрын сол әндердің авторларын еске түсіріп, әнді шығаруға болған себептерге де түсінік беретін. Орындаған әндерінің бірі «Ғайни». Неге екенін білмеймін осы өленді ешбір кіріспесіз домбыраны қағып—қағып жіберіп бір ауызын жүйткітіп ала жөнелді.

Ғайни қыз, дидарыңа болдым ғашық,
Ойнақтап жүргенімде толқып басып,
Сағынып барғанымда тіл қатпадың,

Күйігі құмарымның кетті асып.
Есімнен еш кетпейді Ғайни атың,
Өртеген жүрегімді перизатым.
Бұлақтай көгал құған таудан құлап,
Бересің кімге арнап бал ләззатың.
Ғайни—ау сәулем,

Жүргенім менің бүйтіп сенің әурен, — деп екінші ауызын да аяқтап барып тоқтады. Тындап отырғандар ауыздарын ашып, Иекеңе ынтыға қарап қалыпты. Сәл отырып, Иекең біздің ауылдың әншісі Құсайыннан:

Бұл әнді шығарушының кім екенін айтшы, білесің бе? деді.

Құсайын дәл басып айта алмай:

Ертеде біреуден естігенім бар, халық әні болуға тиісті деді Құсайын.

Әрине, барлық әндердің иесі халық, бірақ қандай ән болмасын, оны нақты бір адам шығарады. Бұл әнді шығарушы — Сегіз сері. Ал біз, себебі белгісіз «Халық әні» деп атап жүрміз. «Әннің атын иесіне қайырған жөн шығар» — деп қорытты сөзін Иекең.

Жігіттермен қыздардың ортасынан Ахметтің Мақышының қызы Базар сыпайы, биязы дауысымен:

Игібай аға, кешіріңіз, бұл әннің кімдікі екенінен хабарым бар, сіз дұрыс айттыңыз. Бірақ ән ішінде мен білмейтін жерлері бар екен, баяулатып тағы бір — екі рет қайталаңызшы, сізден үйреніп қалайық, осында отырған жастар атынан өтінемін, — деді.

Иекең жайлап екі-үш рет қайталады, одан әрі жастар қосылып кетті. Сөйтіп «Ғайни» әнін біздің өңір түгел үйреніп, барлық бас қосқан жерде айтып жүрді. Одан кейін тағы да бірнеше әндер айтылды. Иекеңнің дауысының сол күні кешкі тымық ауада қалықтауы сондай, көлдің екінші бетіндегі ауылдарға еркін жетсе керек. Жастар жағы түгелдей біздің ауылға ағылды, егде тартқандары киіз үйлерінің алдына шығып, қызықтап тындап тұрды.

Ойын-сауық келесі күні Қуандық ауылында Бірімжан қарияның ортаншы отауы – Базар баласының үйінде ұласты. Иекең ән айтудан жалықпайды. Мұнда ол өзінің ұстаздарының әндерін көсілте салды. Бұл Иекеңнің асылдарының дәстүрін жалғастыруда, тамаша туындыларын елге таратып насихаттауда, оларды бүкіл халық игілігіне айналдыруда сіңірген ұшаңтеңіз еңбегінен келтірілген бір ғана мысал, түгендеп бітіре алмайсың.

Біздің халықта суырып салма ақын да, әнші де, композитор да аз болмаған. Бірақ осы үш өнердің бір адамның бойынан табылуы-сирек құбылыс. Ақын болса, әнші емес, әнші болса композитор емес – тек орындаушы. Композитор, әнші болса, ақын емес (әсіресе суырып салма). Бұл қасиеттер тек қана Біржан салда, Ақан серіде, Ғазизда, Әсетте, Үкілі Ыбырайда, Мәдиде, Исада, Манарбекте болғаны мәлім. Біз білетіндерде осы ерекшелік Иекеңде болды, әзірше басқа ешкімнен кездестірген жоқпыз.

Ел ішінде Иекеңнен үйреніп, дәріс алған, оған еліктеген құрбылары да, жастар да болды. Әлі күнге дейін бас қосқан жерде Қырғыздың Жәукесі, Ақпанның Сексенбайы, Ахметтің Сауытпайы, Нұрмазанның Жанғалиы, Сатының Құсайыны, Әутәннің Еркебұланы, Шаймерденнің Бөкеші атына байланысты әңгімелер көптеп айтылады. Бұлардың қабілетіне таң қалатыным Иекеңнің орындаған әндерін қайталап айтып беретін. Жоғары тенор дауысты Қапең (осы жолдардың авторының туған ағасы) Иекеңнің айтқанынан үйренген Ғазездің «Атандым Ғазез ақын бала жастан», Ыбырайдың «Бір қызық ит жүгіртіп аң ауласа», Балуан Шолақтың «Ғалия», Мәдидің «Қаракесек» әндерін 1941 жылы соғысқа аттанғанша айтып жүрді.

Иекең айтыстың да ақыны еді. Поэзия жанрының осы бір қызықты саласына бір кезде көңіл бөлінбегенін білеміз. Ақындар айтысының жаңадан түлеп, жаңа мазмұнымен ортамызға оралуына халқымыздың зиялы ұлдарының бірі Илияс Омаров үлкен ықпал жасады. Омаровтың қолдауымен

елуінші жылдардың екінші жартысынан бастап (ол кезде біздің облыстық партия комитетінің хатшысы, кейінірек республика мәдениет министрі) аудан, облысаралық ақындар айтысы өткізіле бастады. 1971 жылы Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толуына байланысты (Алатау өңірінде) республикалық ақындар айтысы болды. Оған Иекең де қатысты.

Біздің облыста ақындар айтысының жанданып қалыптасуына Ахметжан Нұртазин, Самархан Жұмадиев, Уахит Темірбеков, Темірғали Қасенов айтулы еңбек сіңірді. Талай рет айтысқа шығып облыстық, облысаралық, республикалық бәйгелердің жүлдегері болды. Айтыс текстері кезінде баспасөз беттерінде, радиодан, теледидардан берілді. 1977 жылы мамыр айында сәті түсіп, «Озерный» совхозында (Жамбыл ауданы) Иекеңмен немерелес қарындасы Қуаныштың үйінде кездестік. Иекең Жамбыл тойы туралы біраз әңгімелер айтты. Оның ішінде ақындар айтысының қыр мен сырларына көбірек тоқтады. Әңгіме барысында Иекең өмірі ізденіс үстінде екенін, ақындық, әншілік шеберлігін шындай беретінін аңғартты. Жасы егде тартқан адамның бұл қасиеті ерекше көрінді және қатты ұнады. Мен Иекеңнің осы қасиетіне және басқа да адамдық тұлғасына көңілім толып, арнап өлең шығарып қолына ұсындым. Иекең өленді қолына алды да дауыстап оқыды. Риза болды білем, қолымды қысып «рақмет» деді. Сол өлең менде сақталған жоқ еді. Жуырда Жекекөлде (Благовещенка) Иекеңнің тұңғыш немересі Көкаршынның үйінде фотоальбомдарына қарап отырсақ, сол өлең шыға келді. Естелік ретінде келтіре кетейік.

Ассалаумағалейкум, Иекең-ау!
Иекем ақындардың гүлі екен-ау.
Сияқты тірі Сәкен (Еркебұлан)
Иекем аман-есен жүр екен-ау.
Ақындар жиынында той бастаған,
Батырдай қол алдында ойқастаған.

Қиыннан қиыстырған алғыр сөзі,
Жас ақын талаптыға ой тастаған.
Көкшетау, Қызылжарда даңқы шыққан,
Жастар көп үлгі алып сөзінді ұққан.
Жамбылдың Алатауда тойы өткенде,
Қорғалап талай ақын сізден бұққан.
Молдабай термелетіп жүйткісе де,
Иекем Молдабайды бірақ сыққан.
Ойпырмау, мұндай ақын бар ма екен деп,

Сөзіңе айтқан сайын жұрт ынтыққан.
Жер шалғай болғаннан соң кездеспедік,
Жүремін амандықты біліп сырттан.
Төрт-бес жыл содан бері уақыт өтті,
Жаратушы ғаламат қандай епті.
Құрбың Сәбең, Ғалым мен Мәлігің де
Дариғай дүниеден алып кетті.
Мұса да сізден тәлім алып еді.
Айтысқа талай рет барып еді.
О да өтті дүниеден дәмі бітіп,
Асылдың сынығы боп қалып еді.
Тілейміз сізге, Иеке амандықты.
Көрмейік жанды жара, жамандықты.
Ортада бәйтеректей жапырақ жайған,
Жүресің қандай жақсы салауатты.
Сізбенен кездескенде көңілім тасып,
Әніңіз ұласқанда аспанға асып,
Рақатқа батамыз, хош келдіңіз,
Төрлетіңіз жүректе, есікте ашық.

Иекеңнің өзінен бұрынғы дарындардың туындыла-
рын шебер орындаушы, кейінгі ұрпаққа жеткізушінің бірі
болғанын жоғарыда атап өттік. Сонымен қатар оның өзінің
шығарған өлең-әндері қанша десеңізші! Әсіресе, көңіл күйіне
арнап көп өлең айтқан адам. Оның ішінде адам өмірінің ең

қызығы жастық шақ туралы. Сол бір қызық шаққа құмарлығы көз жұмғанша сақталып, шығармашылық өнерінің өзегі болғандығын танытады.

Жастық-ау, лапылдаған сен бір жалын,
Бойды алып, уландырған дертің қалың.
Бір күні алдап тастап өте шығар,
Қылығың айтпасаң да маған мәлім.
Ардақты, абзал жақсы ардагердің,
Бірін де аямайсын, ашып жаның.
Талайлар арманда боп өтіп жатыр,
Менің де тоқта деуге келмейді әлім, - деп жастықтың
адам басында ұзақ тұра алмайтынына, оның өтпелі екеніне,
бөгеу дегеннің ешкімнің қолынан келмейтініне, бұл жөнінде
адамның әлсіздігіне жаны ашиды, жүрегі елжірейді,
толғанады. Әрмән қарай ойдағы арманын ашып:

Жастықта бір арманым тірі жүрмек,
Жас құрбы жақсылармен ойнап күлмек.
Жігітке жетпіс өнер аз дейді ғой,
Шамамша әрбір түрін іздеп көрмек.
Бір сырлы, сегіз қырлы жігіт болып,
Өнермен басқаларға үлгі бермек, - дейді.

Иекең қазақ жерін еркін аралаған өнерпаздардың бірі. Оның басты себебі бойындағы сан қырлы өнері мен алға қойған мақсат-талабы деу керек. Ол ең алдымен өзі пір тұтқан сандақтардың туып өскен, сайран құрған жерлерін көруге ынтықты. «Біржан ауылында» деген өлеңі бір топ ақындармен Көкше өңірін аралағанда туған.

Бұл ара – туған жері ақын Біржан,
Ұшырған жер түбіне әнін қыран.
Мендағы сол серінің шәкіртімін
Жасымнан ұстаз тұтып жолын қуған.

Жол түсіп Қалекене еріп жүрміз,
Біз елден сый-құрметті көріп жүрміз.
Нұрғожа, Ақан, Шәкен, Біржан аға,
Жемісін ән-жырының теріп жүрміз.
Тербеліп теңселеді майсалары,
Көргенде көрінісі ой салады.
Біржанның талай сайран құрған жерін,
Қызықтап ақын ұрпақ ән салады.
Жадырап жағасында Жөкей көлдің,
Ақындық парызымды өтей келдім.
Тасыған дарияның толқынындай,
Әндетіп домбыраға атой бердім.
Қарсы алды қуанышпен ақын елі,
Көтеріп көкке бүгін жатыр мені.
Көргенде еңбек сүйгіш ұрпақтарын,
Тимей тұр төбем көкке екі-ақ елі.

Бұл өлеңге Иекеңнің шығарған әні де бар. Ал, Ақан серінің туған жері – Сырымбет өңірінен алған әсерінде шек жоқ, шалқыта, төгілте жырлайды.

Иекеңнің шығарған өлең-әндерінің ішінде өте көркемдік шыңына көтерілгені «Сол бір кез менің есімде» әні. Ән өлеңнің мазмұнын толықтырып тұрғандай. Сөз бен ән ажырамас бірлестік тауып тұр.


Иекеңнің тағы да айта кетуге тұрарлық еңбегінің бірі ел ішінде жете таралмаған Ақан серінің алты-жеті әнін күй табағына түсіргені. Бұл еңбегін Иекең 1958 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігінің алдында іске асырған еді.

Бір айтатын жәй: Игібайды қазіргі жастар жағы білмейді. Егер Иекеңмен қанаттас өскен, ол кісінің санқырлы өнерімен таныс, адамгершілігіне тәнті азаматтар баспасөз беттеріне естеліктерін көбірек жазса, игілікті іс атқарылған болар еді. «Ленин туында», «Ауыл арайында» Қайырбек Сыздықовтың және басқа да азаматтардың естеліктері басылды. Жұртшылық

сүйсініп оқыды, үйткені оларда көпшілік біле бермейтін деректі материалдар орынды келтірілген.

Иекеңнің үлкен дарын екендігіне бүкіл өмірі айғақ. Сол өршіл өнердің тарланы 90-ға келді. Айтуар ауылының тұрғындары жерлесінің аруағын сыйлап, елге сіңірген еңбегін бағалап атын атап өту ниетінде. Бұл туралы аудандық Кеңес пен аудандық әкімшілік алдына тілектерін қойған. Жұртшылық тілегі жоғарғы орындардан қолдауын табады деп сенуге болады. Бірақ тойдың ойдағыдай өтуі ауыл азаматтарына байланысты екенін де ұмытуға болмаса керек.

Олай болса, түгел болып атсалысайық ағайын!



Қайырбек СЫЗДЫҚОВ
Соғыс СССР
қарулы күштерінің ардагері
полковник, 1993 ж.

КӨК ДОМБЫРА

Игібай Әлібаевтың 90 жылдығы қарсаңында

Атадан келе жатқан асыл мұра - домбыра сырын жете түсініп, өзінің жүрегін жарып шыққан әсерлі әсем сөздерін өлең қылып, асқақ үнін ән етіп домбыраға қосқан дүлдүл замандастарымыздың бірі – Иекең еді. Мен бала кезімде мектепте Иекеңнің алдында отырып сабақ оқып, ержеткенде еріп жүріп өнерін көріп, әнін естідім. Сол себепті Иекеңнің 90 жасқа толар торқалы тойы қарсаңында арқалы ақын асқақ әнші ағамыздан көрген, естіп білгендерімді көпшілік қауымға жеткізбек оймен оның көк домбырасы жайында сөз айтпақпын.

Иекеңнің алпыс жылдан астам ұзақ өнер жолында қолына неше түрлі, қанша домбыра ұстағанын асыл жары Гауһар апамыз да ұмытып қалған көрінеді. Әрине, осы ұзақ өнер жылдарында талай–талай шеберлердің қолдан жасаған, не болмаса фабрикада жасалған домбыралардың әлденеше түрлері Иекеңнің қолынан өткеніне күмән жоқ. Сол көп домбыралардың ішінде менің есімде қалғаны – әкесінің жа-сап берген көк домбырасы мен өзінің замандас сырласы, ака-демик жазушы Сабит Мұқановтың сыйлаған домбырасы.

Иекең домбыраны сегіз жасынан үйреніп, домбыра үнін өз үнін ерте қосқан адам. Бұл жайында Иекең бірнеше өлең жазып, ән шығарған. Сол көп өлеңдерінің бірі – «Домбыра» атты өлеңі.

«...Серігім сегіз жастан сен домбырам,
Құйылған, қолыма алсам, сөз – домбырам.
Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне,
Бұлбұлым сан сайыста жыр оздырған.

Небәрі сегіз—ақ қой пернелерің
Сонда да күй болып жанды кернеп едің.
Жүйткітіп он саусақты қаққанымда
Өзіңнен төгілген күй сел ме, дедім», - деп жырлаған
ақын осы өлеңде өзінің жан серігі қарт домбырасын тебіреніп
еске алады. Бұл Иекеңнің «Айтуар» атты тыңдамалы
шығармалар жинағынан енген.

Ал «Домбыра атты поэмасында
«...Домбыра десем, дариға-ай,
Әкем еске түседі.
Өтгі ғой ол арманда
Ақпейіл ақын кісі еді.
Жанарында бір тамшы
Тұрушы еді, мөлтілдеп.
Мен өтсем де, сен қалшы
Деуші еді елпідеп.
Домбыра жасап мен үшін,
Сегізімде үйретті.
Жалғады солай қол ұшын,
Күмбірлеп, сөйлеп күй кетті.
О, домбыра, домбыра,
Сегіз жастан сырласым.
Болдыра көрме, болдыра,
Ежелгі алып тұлғасың.
Жастайымнан жармасып,
Домбыра, сені ұстадым.
Жас шағымнан ән тасып,
Арта берді құштарым.
Мүлік орнына мұра ғып
Тапсырған әкем – ұстазым.
Тастамадым қолымнан,
Көрсем де өмір қыспағын», - деп домбыраны қашан
үйренгенін айтып береді.

Иекеңнің екі әкесі – Әлібай, Тәжібай деген аталарымыз

әнші, әрі домбырашы, әрі домбыра жасайтын шебер адамдар болған. Тәжібайдан туған Иекеннің Рамазан атты ағасы әкесінің қол өнерін өте жақсы менгерген домбырашы шебер еді. Рекең жасаған домбыралар таза дауысты, өте шешен болушы еді. Иекеннің осындай шеберлердің қолынан шыққан көк домбырасы шанағы кең, мойны қысқа болатын. Талай көрсемде, осы домбыраның мойны неге қысқа болғанын соңғы кезде ғана болжадым. Бұл жас балаға арналғандықтан, баланың қолы домбыра мойнына еркін жетіп, пернелерді дұрыс басу үшін жасалған және ән айтуға қолайлы сегіз пернелі болған.

Иекен бұл домбыраны көп жылдар жолдас етті. Бұл көк домбырасымен ол қазақ елінің түкпір-түкпірінде, көптеген облыс орталықтарында, шалғайдағы ауылдарда ән шырқады. Бұл домбыра астанамыз Алматыда да, Мәскеуде де Иекенді талай рет қолдап, көңілін қалдырған жоқ. Кешегі өткен Біржан салдың, Ақан серінің, Үкілі Ыбрайдың, Сегіз Серінің аруағын қадірлеп сыйлай білген Иекен олардың көкірегінен шыққан асқақ әндерін жұртшылыққа осы домбырамен жеткізе білді. Көк домбыраның қысқалығы оны қанжығаға байлап алып, ел аралауға да қолайлы болған.

Ел ағасы болған, жігіт серкесі Қырғыздың Жәукесі екеуі қатысқан ауылдардың той-думандары екі-үш күнге ұласатын. Ел жаз жайлауға шығып Айтуар көлін жағалай қонғанда кешкі тымақ самалда күмбірлеп шыққан көк домбыра даусы көлдің арғы бетіне еркін жететін.

Ауыл жастары бас қосып, ойын-сауық құрғанда, өлең айтып, күй тартқанда көп домбыралардың ішінен көк домбыраның үні ерекше саңқылдайтын.

Иекен «Қош бол, жастық» атты өлеңінде сол көк домбыраға қосылып шырқаған шақтарын:

«...Ақ сүйек, алтыбақан, қыз-бозбала,
Ән қосып, аққу-қаздай боп теңескен.
Айлы түн, ашық аспан, ыстық ерін.
Балауса, майсаға аунап шөпілдескен

Ғашықтық отына еріп жүрек шіркін,
Махаббат балын жұтып елжірескен
Шалқытып, шартарапқа сезімімді

Тыншымай тілсіз қиял – көкей тескен», - деп жырлады.

Ең соңғы рет көк домбыраны көргенім – 1939 жыл. Мен ауылымыз Айтуарда тұратын ағамыз Сауытпай Ахмет ұлының үйіне келсем, жазғы демалысқа шыққан Иекең де жан ұясымен елге келіпті. Ауыл азаматтарының біразы Иекеңнің ағасы Рамазанның үйінде сірне жасамақшы болып, түс ауа жиналыса бастады. Жиналғандардың көпшілігі әнші-күйші, домбыра жасаушы шеберлер ат құлағында ойнаған сайыскер балуандар мен саятшылар болатын.

Мәжіліс Рамазанның шошаласында өтті. Жаңа салған сегіз канат үйдей бұл шошаланың төбесі биік, дыбыс саңқылдап естілетін. Сол күні шауып әкелініп төселінген балауса шөп шошала ішін аңқыған хош иіске бөлеп, құлпыртып жібереді.

Жаңа ғана шайға отыра бергенде Сатының Құсайыны кіріп келеді. Бұл кісі де әнші-сері азаматтың бірі еді. Оның «Құсайынның қараторғайы» атанған атақты әнін осы өңірде өзіндей шырқайтын адам болған жоқ. Айтуар ауылының ауыз толтыра айтатын әншілер де «Қараторғайды» үйренгендерімен, дәл Құсекендей орындай алмайтын. Ол отырған жерде айтпайтын.

Сендерге жиналғандар өз домбыраларымен келді. Әр домбыра өзінше әдемі жасалған. Үсен ақсақалдікі деген домбыра қарағай ағаштан қалақша жасалып, басы қошқар мүйізінше иілген, перне арасына, шанағының үстіңгі жағына айна-шынылар орнатылған, үкі тағылған, түрлі-түсті сырлармен сырланған екен. Ахметұлы Сауытпайдың домбырасы қақ қайыңнан ойып істелген, шанағындағы алты қырлы шыбықшалар үш бұрышты ойылып әшекейленген. Шанақтың ішінен орыс примасының сым шегі үш жерден тартылып және үстіңгі жағынан үш кішкене шегеленген. Бұл сым шектер мен қоңыраулар домбыра дауысына дыбыс қосып, әдемі үн беретін көрінеді.

Ал енді Құсайынның Көкені әкелген домбыраны Қозыбайдың Қожахметі жасапты. Бұл домбыраның мойнына кәдуілгі үн елейтін елеуіштің фанерін ыстық суға балқытып иіп апарып, ағаш шегелерімен бекітіпті. Домбыра әнші қыз балаларға ыңғайлы келетіндей. Әйтсе де, домбырашы Көкен бұл домбырамен тамаша-тамаша күйлер тартқанда оның бақандай саусақтары перне арасына қалай сиып, қалай дөп басатынын таң қаласың. Көкен тартқан «Айжан қыз» күйі безек қаққанда, шың мен күз теңселгендей әсер аласың.

Ахметтің Сауытпайы тарқан «Көкейкесті» күйқылжып, «Көбік шашқан» ышқынғанда шілдеде боран бұрқырап, көкте найзағай күркіреп, күйге қосылып, теңіз дөнбекшіп үн қатқандай болады.

Әнші Ақпанның Сексенбайы сонда жиналған он шақты домбыраның бірін жақтырмай, тек қана Қожахметтің елеуіш домбырасына ғана қосылды. Домбыра шегін қатты бұрып, ол шырқаған Қалқаның әні—«Қалқа» бұлақ болып аққан кәусәр судай сыңғырлады.


Домбырашылар бірінен соң бірі жаңа-жаңа күйлер тартып, домбыраларының үн-қасиеттерін тыңдатты. Қанша үздік үнді, қанша кең тынысты әдемі-әсем домбыралар болса да, сол мәжілісте көк домбырадан асқаны болмады. Бұл домбыра әншіге де, күйшіге де ұнап, әрқайсысы қосылып ән шырқап, күйшілер төкпе күйлерін төкті. Жалғыз —ақ кемістігі — пернелерінің аздығы. Сөйте тұрса да, бәрі де көк домбыраның әншіге арналған аспан екенін бірауыздан айтысты.

Осы сияқты жиында айтылған әндердің, тартылған күйлердің әсерінен шабыт алған Иекең талай-талай ән шығарып домбыраға өз бағасын берді.

«...Қайғылы жігіт, мұңды қыз
Үнін қосқан домбыра.
Зарын тыңдап ай-жұлдыз
Мұнын қосқан домбыра.
Адам түгіл, аңдардың

Тілін тапқан домбыра.
Айдаһардай хандардың
Жынын қаққан домбыра.
Еділ-Жайық арасын,
Алтай-Каспий даласын
Қанат талмай қақ жарып,
Кең шарлаған домбыра.
Біреудің боздақ данасын,
Біреудің сәби баласын,
Естіртіп тоғыз толғанып,
Күй арнаған домбыра...»

Иекең өмірінің соңғы күніне дейін албырт сезімін, көл-көсір шабытын бойынан жоғалтпай, қолынан домбырасын түсірмей өткен адам. 1974 жылдың жазында бір кездескенімде: «Көк домбырам есімнен бір кетпейді. Көк домбыраға қосылып ән салғанымда дауысымның шегін аңғармаушы едім. Шіркін, десейші, көк домбырамен Ыбыкең де (үкілі Ыбырай) ән шырқап еді. Шешен домбыралар көп қой, әйтсе де бауыр басқан көк домбырамдай домбыра жоқ қой», - деп Иекең сөзін аяқтап еді.



Қайрбек СЫЗДЫҚОВ
Соғыс СССР
қарулы күштерінің ардагері
полковник, 1978 ж.

ӨНЕРІН ЕЛІНЕ АРНАҒАН

Ақындық та, әншілік те - өнер. Бұл өнердің құдіреттілігі сол, естіген нәзік әндер, өрнекті өлең шумақтары жадында жатталып, көңіл қуысыңды әуелетеді. Ал сол әндерді сый қылып ұсынушы өнер иесіне мың да бір алғысыңды арнайсың. Сондай әнші-ақындарымыздың бірі бүгіндері 75 жасқа толып отырған ардагер ағамыз Игібай Әлібаев. Игі ағанның әншілігі, суырып салма ақындығы ерте кезден танылып атағы республика көлеміне мәлім болды.

Бұдан жарты ғасырдан астам бұрын 1925 жылы 22 жасында Москвамен Ленинградта өткен қазақ өнері шеберлерінің концерттеріне қатысуы Игі ағанның өнердегі биік қадамдарын сол кезде—ақ көрсеткен еді. 1930 жылы ол белгілі сахна саңлақтары Серке, Қалибек, Иса, Елубай және басқаларымен бірге қазақтың академиялық театрында өнер көрсетті. Одан кейінгі жылдары облыстың драма театрында, филормонияда өнерпаз жастарды тәрбиеледі.

Игі ағаң – ұстаз. Облыста көркем өнерпаздықты өркен жайдыруда қосқан үлесін ерекше бағалаған жөн. Ол көптеген мектептерде жас ұрпақ тәрбиесімен айналыса жүріп, сол жерлерде өнер туын биік желбіретті. Менің есімде қалғаны, Игі ағанның Майбалық орта мектебінде ұстаздық етуі. Сонда жастар біткен оның әндері мен өлеңдерін үйреніп, ел арасында айтып жүретін. Мәселен, қазіргі Архангелька орта мектебінің директоры Көкен Қопышев Игі ағанның ықпалымен Испания жауынгерлеріне арналған «Альберто» және Жамбыл Жабасевтың «Қайта жасардым» деген өлеңдеріне ән шығарған еді. Ал оның бұл сияқты шәкірттері қаншама десеңізші!

Игі ағаң – ақын. Шабытты жырларымен елінің өскендігін,

халқымыздың ерлік ісін мадақтаған ақын поэзия отауына жасқанбай кірді. Қайта ол өзімен бірге жаңа үн әкелді. Оның туындыларынан кеуденді мақтаныш сезімі билерлік жігерлілікті, асқақ әуенді айқын сезінесін. Осы күндері өз алдына кітаптар шығарған және өлеңдері бірнеше жинаққа енген айтулы ақынымыздың творчествосында ерекшелік те бар. Игі ағаң туындыларында туған жерге, Отанға, партияға деген сүйіспеншілік асқақ жырланады.

Оның жол сапарларынан туған «Алатау», «Алтайға», «Марқакөл», «Зайсан», «Ертіс әні», «Біржан сал ауылында» деген өлеңдері де шын мәнінде әсерлі де әсем. Оқушы бірден ақынмен бірге туған еліміздің таңғажайып табиғатын тамашалағандай сезімге бөлінеді.

Игібай Әлібаевтың творчествосын академик-жазушы жерлесіміз Сәбит Мұқанов жоғары бағалаған болатын. Бірде Игі ағаң жөнінде ол «Қазақ әдебиеті» газетіне былай деп жазды: «...жүйріктің шабысы қалса да, қырыны қалмайды, «сырлы аяқтың сыры кетсе де, сыны кетпейді» дегендей, топ көрсе, желпініп қалу салты Игібайдың бойында әлі де бар екен. Онысын өткен жылы Шығысты аралағанда көрдік. Біз онда көп жиындарда кездестік. Солардан бір мысал: Алтай тауындағы «Шұбар ағаш» дейтін жайлауда ауданның малдары жатады екен. Сол араға мыңдаған адамдар жиналды. Сол арада екі күн, екі түнге созылған мәжілісте әндерін халық сүйсіне тыңдаған Игібайдың аузы жабылмады, даусы сембеді десек асырып айтқан болмаймыз. Шын халықшыл өнерпаз неше жасқа келсе де, білген өнерімен халқына қызмет етуден жалықпайды. Игібай да сондай өнерпаздың бірі».

Иә, Игі ағаң халқына қызмет етуден жалықпайды. Сондықтан да ол :

Отаным, жүрегіңмен жүрегім бір,
Сондықтан өзіңменен жүремін бір
Аямай маңдай терді, еңбек етіп,
Мәуелі бау-бақшаңнан теремін гүл.

Отаным, қанат қақтым, ғарыш бардым,
Шабыт ап шұғылаңнан ән шығардым.
Шалқыған өлеңімді ту ғып ұстап,
Саянда сайран кешкеен жан шығармын.
Партия нұрын көрем өлеңімнен,
Одан жақынды көрмедім мен
Содан ылғи нәр алып келемін мен,

Таба алман жердің басқа бөлегінен – деуге әбден
хақылы.

Игібай Әлібаев соңғы жылдары жауапты жанрларға да ба-
рып, бірнеше поэмалар жазды. Атап айтқанда «Өмір таңы»,
«Қазақстан», «Домбыра даусы», «Биші қыз» сияқты дастан-
дарды жинақтарға еніп, мерзімді баспа сөз бетінде де жарық
көрдi.

Облысымыздың халық ақыны әлі шабыт құшағында,
қаламы қолында. Өзінің арман ағысын, елінің дархан өмірін
жыр қылып өрнектеуде. Оған Игі ағанның мына бір өлеңі
дәлел сияқты:

Жырым көп менің басталмаған,
Бұл өнер душар болды жастан маған.
Болса да жасым қартаң, үнім асқақ,
Әнім бар аққу құстай аспандаған.
Келсем де осынша жас қырларына,
Арқау боп айбынды өмір жырларыма.
Жақсы ай, сәтті күндер, отты жылдар,
Толтырған күнде менің нұр маңыма.

Ақын арманы асқақ, қалам сілтесі қарымды. Жетпіс бес
белесіне шыққан Игі ағаң бұл күнде де тың туындылар ұсынар
кемел шағына келгендей ширақ. «Жыр нәсері толастамасын,
өлең арнасы өзендей бұлқын ата берсін, Игі аға» демекпіз біз
де бүгін жыр сүйер қауым атынан.

Қайырбек СЫЗДЫКОВ

Соғыс СССР

қарулы күштерінің ардагері

полковник, 1993 ж.

ДОМБЫРА СЫРЫ

И.ӘЛІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

Қазақ халқының ең көне музыка аспабының бірі - домбыра екенін мен айтпасам да жұрт біледі. Мен қазақтың деген азамат үйдің ең көрікті көзге түсетін қасиеттері төріне орналастырылады.

Домбыра туралы талай-талай әндер, өлеңдер, жырлар, көлемді поэмалар тіпті қалың кітаптар да жазылғанын көзі ашық айтқандарды қайталау, еске түсіру жоғалып бара жатқан қазақ дәстүрін өз орнына келтіру келешек ұрпаққа керек-ақ екенін ұмытпау артық емес.

Атадан келе жатқан асыл мұра-домбыра сыртын жете түсініп, өзінің жүрегін жарып әсерлі әсем сөздерін өлең қылып, асқақ үнін ән етіп қосқан өз замандасымыз дүлдүлдердің бірі-Иекең еді.

Мен жас бала кезімде Иекеңнің алдында отырып мектеп жасында сабақ оқып, ержеткенде еріп өнерін көріп әнін естідім. Сол себепті Иекең 90 жасқа толар торқалы тойы қарсаңында, арқалы ақын, асқақ әнші ағамыздан көрген, естіп білгенімізді көпшілік қауымға жеткізбек оймен осы жолы оның көк домбырасы жайында сөз айтпақпын.

Иекеңнің алпыс жылдан астам ұзақ өнер жолында неше түрлі, қанша домбыра ұстағанын асыл жары Гауһар апамыз да ұмытып қалған көрінеді.

Әрине, ұзақ өнер жолында талай-талай шеберлердің қолдан жасаған болмаса фабрика жасаған домбыралардың әлде неше түрлері қолында болғанына күмән жоқ.

Сол көп домбыралардың ішінде менің есімде қалғаны, әкесінің жасап берген «көк домбырасы» мен өзінің заман-

дар-сырласы академик жазушы Сәбит Мұқановтың сыйлаған домбырасы.

Иекең домбыраны сегіз жасынан үйреніп домбыра үніне өз үнін ерте бала кезінен қосқан адам. Бұл жайында Иекең бірнеше өлең жазып, ән шығарған. Сол көп өлеңдерінің бірі өзінің есейген, өнерінің өрлеген, жан серігі қарт домбырасына сүйсінген кезінде шығарған таңдамалы шығармалар жинағы «Айтуар» атты кітапқа енген «Домбыра» атты өлеңінде:

«...Серігім сегіз жастан, сен домбыра
Құйылған қолыма алсам, сөз-домбыра
Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне
Бұлбұлым сан сайыста жыр оздырған,
Не бәрі сегіз-ақ қой пернелерің
Сонда да күй боп жанды кернеп едің
Жүйткіп он саусақты қаққанымда
Өзіңнен төгілген күй сел ме дедім.
Жықпадым көңіліңді мен де ешқашан
Жықпадың көңілімді сен де менің»-
Ал, «Домбыра» атты поэмасында:
«...Домбыра десем, дариға-ай
Әкем еске түседі
Өтті ғой ол арманда
Ақпейіл ақын кісі еді
Жанарында бір тамшы
Тұрушы еді мөлтілдеп
Мен өлсем де сен қалшы
Деуші еді елпілдеп
Домбыра жасап мен үшін
Сегізімде үйретті,
Жалғады солай қол ұшын
Күмбірлеп сөйлеп күй кетті
О, домбыра, домбыра
Сегіз жастан сырласым
Болдыра көрме, болдыра

Ежелгі алып тұлғасың
Жастайымнан жармасып,
Домбыра сені ұстадым.
Жас шағымнан ән тасып
Арта берді құштарым,
Мүлік орнына мұра ғып
Тапсырған әкем ұстазым
Тастамадым қолымнан

Көрсемде өлім қыспағын», - деп домбыраны қашан үйренгенін, кім үйреткенін осындай жырмен анықтап берді.

Иекең екі әкесі - Әлібай, Тәжібай деген аталарымыз әнші де, домбыра жасайтын шебер болған адамдар. Тәжібайдан туған Иекеннің Рамазан атты ағасы әкесінің қол өнерін жақсы меңгерген домбырашы шебер еді. Ракең жасаған домбыралар таза дауысты, өте шешен болушы еді. Иекеннің «Көк домбырасы» шанағы кең мойын қысқа еді. Талай көрген осы домбыраның мойыны неге қысқа болғанын соңғы кездерде ғана болжадым. Домбыра жас балаға мойнына еркін жетіп пернелерді дұрыс басу үшін жасалған және ән айтуға қолайлы сегіз перне болған.

Домбыра шанағының кеңдігі оның үнділігін асырып, асқақтата ән айтуға мүмкіндік береді.

Иекең бұл домбырамен көп жылдар жолдас етті. Бұл «көк домбырамен» ол қазақ елінің түпкір түпкірінде, көптеген облыс орталықтарында, шалғайдағы ауылдарында болып ән шырқады.

Бұл домбыра астанамыз Алматыда, бұрынғы Одақ астанасы Мәскеуде де Иекенді талай рет қолдады, көңілін қалдырған жоқ.

Кешегі өткен Біржан сал, Ақан сері, Үкілі Ыбырайдың, Сегіз серінің аруағын қадірлеп, сыйлай білген. Иекен олардың көкірегінен түйдек-түйдек шыққан ыстық лебін, тасып-тасып кетер сарқылас жігермен, жан ашуын сездіретін асқан әндерін жұртшылыққа осы домбыра мен жеткізе білді. «көк домбыраның» қысқалығы оны қанжыға байлап алып

ел аралауға қолайлы болған. Ел ағасы болған, жігіт серкесі атанған қырғыздың Жәукесімен екеуі болған ауылдарда той-думан екі-үш күннен асатын. Ел жаз жайлауға шығып, «Айтуар» көлін жағалай қонғанда, кешкі тиыштық самалмен күмбірлеп шыққан «көк домбыра» дауысы көлдің екінші жағына еркін жететін.

Ауыл жастары бас қосып ойын-сауық құрғанда өлең айтып, күй тартқанда көп домбыралардың ішінен «көк домбыраның, үні ерекше саңқылдайтын».

Иекен «Қош бол, жастық» өлеңінде сол «көк домбыраға» қосылып ән шырқаған:

«...Ақ сүйек, алтыбақан, қыз бозбала
Ән қосып, аққу-қаздай бой теңескен
Айлы түн, ашық аспан, ыстық ерін
Балауса көкмайсаға аунап шөпiлдескен
Ғашықтық отына еріп жүрек шіркiн
Махаббат балын жұтып елжіреткен
Шалқытып, шартарапқа сезімімді,
Тыншымай тілсіз қиял көкей тескен, – деп жырласа,
«Домбыра» поэмасында:

«...Жинап алып жастарды,
Көк майсаға оранып.
Ән шырқасын асқарлы
Біресе жайлап дем алып,
Біресе кезек қолға алып, сауық құрған домбыра»-деп
«көк домбырасын» еске алады.

Ең соңғы рет «көк домбыраны» көргенім 1939 жыл, 1939 жылдардағы Голощекиннің кеселді геноцидімен колхоздастыру кезіндегі асыра сілтеушілік, одан кейінгі аштық жылдары қазақ халқының титығына жетіп, өлгені өліп, өлмегені босып кеткенін осы күні жақсы түсінгендейміз.

Одан кейінгі жылдары, Ежов, Ягода, Берия сияқты сұмырайлар тұсында жазықсыз кеткен қазақтар да аз болған жоқ.

Осындай қаралы қайғы-қасіреттен аман қалғандар ес жиып елге оралып, қоң бітіп, көңіл жараса бастаған кезі 1938-1939 жылдар болатын.

Мен ауылымыз Айтуарда тұратын ағамыз Сауытпай Ахметұлының үйіне келсем, жазғы демалысқа шыққан Иекең де отбасымен елге келіпті.

Бұл маусым айының орта шені еді. Мал басы көбейіп, жаздың жәйлі жайылымы көк майса жерінде қоқайып марка тоқтылардың өзі де сойымдылыққа жарап қалған кезі.

Аудан азаматтарының біразы Иекең жатқан ағасы Рамазан үйінде сірне жасамақшы болып, түс ауа жинала бастады.

Жиналғандардың көпшілігі әнші-күйші, домбыра жасаушы шеберлер, ат құлағында ойнайтын сайыскер балуандар мен саятшылар еді.

Мәжілісі Иекеңнің ағасы домбырашы Рамазанның шошаласында өтті.

Жуырда ғана салған сегіз қанат киіз үйдей бұл шошала төбесі биік, дыбыс саңқылдап естіліп тұратын саяжайдың бірі екен.

Сол күні шауып әкеліп төселген балауса шөп шошала ішін аса бір аңқыған хош иіске толтырып, көңілге шаттық, жүрекке шабыт берер жағдай туғызған-тын.

Жаңа ғана шайға отыра бергенде Айтуар ауылындағы құда Сатының Құсайыны кіріп келді. Бұл кісі де тегін емес, әнші-сері азаматтың бірі. Оның «Құсайынның қараторғайы» атанған атақты әнін осы өңірде өзіндей шырқайтын бір адам болған жоқ.

Айтуар ауылының ауыз толтыра айтатын әншілерінде «Қараторғайды» үйренгенімен дәл Құсекеңдей орындай алмайтын, ол отырған жерде айтпайтын.

Сірнеге жиналғандар әрқайсысы өз домбыраларымен келді. Әр домбыра өзінше әдемі жасалып безендірілген. Үсен ақсақал домбырасы қарағай ағаштан қалақша жасалып, басы қошқар мүйізінше иілген, перне арасында шанағының үстіңгі жағына айна-шынылар орнатылған, үкі тағылған, түрлі сырлармен сырларған екен.

Ахметұлы Сауытбайдың домбырасы қақ қайың ағашынан ойып істеген. Шанағындағы алты қырлы шұбықшылар үшбұрышта ойылып әшекейленген. Шанақтың ішінен орыс домбырасының сым шегі үш жерден тартылып және үстіңгі жағынан үш кішкене қоңырау шегеленген. Бұл сым шектермен қоңыраулар домбыра дауысына дыбыс қосып әдемі әсем үн беттері көрінеді.

Ал енді Құсайынның Көкені әкелген домбыраны Қосыбайдың Қожахметі жасапты. Бұл домбыра кәдуілгі үн елейтін елеуіштің фанерін ыстық суға балқытып, иіп апарып, ағаш шегелермен домбыра мойнына шегеленіп, бекітіліпті. Денесі үлкен емес, дауысының жіңішкелігімен домбыра әнші қыз-балларға дұрыс келетіндей.

Әйтсе де, Көкен бұл домбырамен тамаша – тамаша күй тартқанда оның бақандай саусақтары перне арасына қалай сыйып, қалай деп басатынына таң қалатын. Көкен тартқан «Айжан қыз» күйі безек қаққанда шын мен құз теңселгендей әсер аласың.

Ахметтің Сауытпайы тартқан «Көкейкесті» құйқылжып, «Көбік шашқан» ышқынғанда шілдеде боран бұрқырап, көкте найзағай күркіреп, күйге қосылып теңіз дөңбекшіп үн қатқандай болды.

Әнші- Ақпанның Сексенбайы сонда жасалған он шақты домбыраны жақтырмай, тек қана Қожахметтің елеуіш домбырасына ғана қосылды. Домбыра шегін қатты бұрап, ол шырқаған Қылқанын әнін-«Қалқа» бұлақ боп аққан кәусәр судай сыңғырлады.

Осы кешке жиналған өнершіл азаматтарды домбыраға қосып шырқаған әндерінен, құйқылжытқан күйлерінен қайғылы жігіт, мұңды қыз зарларын, адам түгіл аңдардың тілін тапқан үнін естисің.

Домбырашылар бірінен соң-бірі жаңа-жаңа күйлер тартып, домбыраларының үн – қасиеттерін тыңдатты. Қанша үздік үнді, қанша кең тынысты әдемі-әсем домбыралар болса да, сол мәжілісте «көк домбырадан» асқаны болмады. Бұл

домбыра әншіге де, күйшіге де ұнап әрқайсысы қосылып ән шырқап, күйшілер күйін шертіп, төкпе күйлерін төкті. Жалғыз-ақ кемістігі пернелердің аздығы, сөйте тұра да бәрі де «көк домбыраның» - әншіге арналған аспап екенің бір ауыздан айтысты. Осы сияқты жиында айтылған әндердің, әсерлі тартқан күйлердің кейде күңіреніп, кейде бұрқан – тұрқан тасқындаған ашулы үндеріне әйтеуір икем талай талай ән шығарып домбыраға арналды.

«...Қайғылы жігіт, мұңды қыз
Үнін қосқан өмір.
Зарын тандай ай жұлдыз,
Мұңын қосқан домбыра,
Адам түгіл аңдардың,
Тіл тапқан домбыра.
Айдаһардай хандардың,
Жынын қаққан домбыра
Еділ-Жайық арасын
Алтай Каспий даласын
Қанат талмай қақ жарып,
Кең шарлаған домбыра.
Біреудің боздақ данасын,
Біреудің сәби баласын,
Естіртіп тоғыз толғанып,
Күй арнаған домбыра,
Жібек, жүзді жез бойда
Бозінгенді боздатып.
Үш жүз алпыс тамырдың,
Бәрін бірдей қозғалтып.
Он саусақтың ұшымен,
Сиқырлы күйдің күшімен,
Ботасын еске түсіріп,
Исіндірген домбыра.
Күркіреген күшті күй,
Жауға айбынды сұсты күй,

Қинайтын қылыш суырып,
Өкім қылғын домбыра»-деді.

Иекең өмірінің соңғы күніне дейін албырт сезініп салқындап, көл – көсір шабыты шау тартқан адам емес, қолынан домбырасын түсірмей өткен адам.

1974 жылдың жазында бір кездескенімде «көк домбырам» есімнен бір кетпейді «көк домбыраға» қосылып ән салғанда даусымның шегін аңғармаушы едім, шіркін десейші «көк домбыраммен» Ыбекеңде ән шырқап еді. Шешен домбыралар қой-қой, әйтсе де бауыр басқан «көк домбырадай» ешқайсысы жоқ.

Сен мына өлеңді тындашы деп домбырасын қағып-қағып жіберіп бастап кетті:

Есімде менің сол бір күн,
Есімде сол бір жылдарым.
Гүлдерін теріп көктемнің,
Жазылған талай,
Жазылған талай жырларым.

Есімде менің әлі де,
Ақудай қанат самғаған,
Қосылшы менің әніме,
Өзіңе ғана
Өзіңе арнаған.

Қайырмасы:
Қырдан асып кетуші едім,
Әзілдесіп, сырласып.
Дейтін еді көрген адам,
Екеумізді шын ғашық.


Ой, ағасы-ау мынау өзіңіз домбыраға емес! Сүйген жарға арналған ән – өлең емес пе?

Гауһар апамызға арналған емес пе? дегенімде мұртынан ғана жымыып, бұл ән көк домбырадағы, апаң да жарайтын шығар. Егер «көк домбыра» болмаса, апаңмен кездесер ме едім, кездеспес пе едім.

Әй, Қайырбек, сен мені кім деп отырсың, менің ән-жырым әлі көп, тек ұға біл-деп өзінің жаңа бір өлеңін шырқай жөнелді.

Жырым көп менің әлі басталмаған,
Бұл өнер душар болды жастан маған,
Болса да жасым қартаң, үнім асқак.
Әнім бар аққу құстай аспандаған.
Серігім сегіз жастан сен домбыра,
Құйылған қолыма алсам сөз-домбыра,
Тал тиек, қысқа мойын, сегіз перне

Бұлбұлым сан сайыста жыр оздырған, – деп Иекең сөзін аяқтап еді. Ал енді мен де домбыра сырын Иекең осы өлеңімен аяқтадым.



ЕСТЕН КЕТПЕС ЕСІМ

Мақтануға тұрарлық жерлесіміз, өнерімен ел құрметіне бөленген ақын, әнші композитор Игібай Әлібаев заманында дуалы ақсақалдардан бата алып, зиялы қауымның көңілінен шыққан сері де серке өнерпаз жан еді- ау. Көзі тірісінде астаналық айтулы ағалардың назарына ілігіп, олармен иықтаса ел аралап, қазақ даласының біраз қиырын шарлап, сансыз сахналардан суырып салма ақындығын, өр дауысты асқан әншілігін паш еткен еңселі өнер иесі еді. Табиғат сыйлағандарының жұртына өлшеусіз бере білсе, бүкіл өмірін жас ұрпақтарға білім-тәрбие дарытуға арнаған ұстаз ретінде де білеміз. Бойындағы бар күш-қуатын, өнер қайратын халқына сарқа сыйлағын алтынның сынығындай асыл ағамыздың үстіміздегі жылы 90 жасқа толуын атап өту керектігін Қайырбек Сыздықов ақсақалдың көпшілік есіне салуы ерсілік болмаса керек. Асыл ағаның аруағы риза болар. Сапарлас, дәмдес, қызметтес болғандардың көзі тірісі Иекен туралы естеліктерін баспа бетіне ұсынса, ол да бір ескерткіш іспеттес болар еді.

Өнер адамына деген әуестігім де бар және ауылдарымыз араласып жатқан Иекенді бұрыннан білсем де төмендегі жайт осы күнге дейін есімнен кетпейді.

1967 жылдың жадыраған жазы еді. Түс әдетінде Иекен кіріп келді. Жайдары жарқын өңіне сұлу қара мұрты жарастық берген сырбаз, сұңғақтың бойшаңы. Сол денесіне шақтап киген киім киісі де өнер адамының талғампаздығы мен даралығын алыстан ақ аңдатқандай. Ештеңе таныс елдің ақсақалдарына сәлем беріп, өлілердің орнына кіріп шығу тірі пендеге парыз екенін айтып, үйдегі қариямызбен жарасымды уақыт отырды да:

— Інішек, кіріп шығатын тағы да бір-екі үйім бар еді, бірге барайық деді. Өзінің туған ауылы Айтуардан он шақты ғана

шақырым Балуан жұртын бес саусағындай неге білмесін. Үйден шыға бізге аталас бір отбасының шаңырағына соғатынын ескертті. Айтқан үйінің табалдырығын аттадық. Жаздың жалпақ күнінде тапа тал-түсте еркек кіндік үйде отыра ма, отбасының отағасы жоқ екен. Жолмен келгенде жеңгейім кісі келді-ау деп кішілік жасау қайда, тосағашта теріс қарап, бала емізіп жатқан күйі бөксесін көтермеді. Есік жақтағы орындыққа құйрық тигіздік те кідіріссіз кері шықтық. Келесі кірген үйіміздің иесі Иекеннің аяғын іле-шала жүрген Бікенмен құшақтаса сәлемдесіп, төрдің төбесінен бір ақ шықтық. Замандас азаматтардың әңгіме дүкені қызған пешке сау қайыңды тастағандай гулей жөнелді. Балаларындай бізге қос құлақты тік ұстап, тілдің майын ағыза ақтарылған әңгімелерді қағыс жібермей, қағып алып қанағаттану ғана құқығы берілген, әрине. Төрде ілулі тұрған домбыраны Иекен барған бетте-ақ қолына ала отырған болатын. Анда-санда болар болмас дыбыс шығарып, тізесінде ұстап отыр. Бала жастан бауыр басқан айнымас жолдасын бөбегіндей өңгеріп, аялап ұстайды екен. Сақ құлағы анда-санда қос шекті бір қаққанның өзінде құлақ бауырын сезіп қалып, бабына келтіріп отырғанын да көріп отырмыз.

Жеңгейдің екі иығынан деміне алған ақ самауыры да қазақы дөңгелек үстелге мұрын түйістіре орналасып та қалады. Қаймақ қатқан қоңыр бұйра шай мен дастарқанда тәніңді жіпсітіп, жаныңды жайлауға жетектей жөнелді-ау.

Тершіген маңдай сүртіліп, қысылған аяқ созылып, Бікен үй шаруасымен сыртқа шыққанда Иекен:

– Қайыржан, көне қағазың мен қаламыңды дайындашы деді кербез бұрылып. Сақалды мейман табалдырығынан аттағанда бөксесін беріп бүлк етіп етпей жата берген келін туралы он шақты шумақ өткір өлең әп сәтте-ақ қағаздан орын алды. Иекен қағазды алдына қойып, домбыраны қағып-қағып жіберіп, ойнақы бір әуенмен бәсең ғана айтып шықты да:

– Енді бұл өлеңді қалтаңа сал, өзгелеріне тағылым болар ма екен деп бір қойды да, өзімен өзі оңаша мұңдасқандай,

- қайран қазағым-ай, қайда қалып барады сенің ата салтың осылай өше бермек пе отбасының бұрынғы жарасымды ғұрыптары?

— Осыны айтты да Иекең бір дем алып, ренішті көңілмен әрқашан жіберуші домбырасына қол салды. Бікең өз үйінен ұзақ жазда қар түскенше үзілмейтін жеңгейдің бапты бал қымызы келді сырлы аяқтарыменен. Сырлы аяқты шайқап қойып, сары қымызды саспай жұтып Иекең жаңағы дүниеге келген он ауыз өлеңнің тарихын өз үйлеріне нәшіне келтіре ауызша жеткізді де, домбыраға қосып орындап берді. Бізден бұрынғылардың жадының сақтау мықтылығын сонда көрдім. Жаңа ғана бір көз жүгіртіп алған он шумақ сықақты Иекең бәз қалпында төгілтіп отыр.

Мейіздей төңкерілген сүрдің атаулы мүшелері де дастарханға келді. Оймақтай сушәшкелер де сыңғырласып сиқырлана жылтырайды. Дәмді ас, ақберен ашық көңілмен отырыстағы мәжіліс қайдан ұмытылсын. Сондағы жайлы көңілден қуаттанған әнші даусы сол үйдің шаңырағын бір сілкінітіп, күйбен тұрмыстың көңілсіз кіреукелерін бір серпіп тастап еді.

Бір өкініштісі, Иекеңнің маған ие бол деген «Керенау келін» сынағын менен төмендеу отырған бір замандасым қолды қылғаны. Әйтеуір, сол жігіт арқылы жалпақ елге тараған екен. Елдің дәмін татқан келесі сапарымда тап сол айтылған шумақтарды мен оқып таратқанындай-ақ, жеңгеміздің алдында ашылмас тұманға қалғаным бар. Әркім өз кінәсін өзі біліп мойындамағаннан жаман не бар. Бірақ, менің білетінім сол он шумақ өлеңнің талай топта айтылып, қалың елдің келін кепшігіне оқу болғаны ақиқат.

Бүкіл бойына біткен өнер жемісін ел жұртына арнаған асқарлы асыл азаматымыздың 90 жылдық мерейтойын атап өту арттағы ұрпақтың азаматтық парызы. Ол қайталанбас дарындар еді, ел есінде мәңгі жасауға әбден лайықты тұлғалар. Соңғы жас өскіндердің есіне оқтын-оқтын салып отырсақ қана олар мәңгі жасайды. Сол үшін де аталып өтпекке тиіс.

**АЙТУАРДАН ШЫҚҚАН АҚИЫҚ АҚЫН
И.ӘЛІБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ
ТОЛУ ҚАРСАҢЫНДА**

Иекен ауылы Айтуар біздің Кировпен ауылы аралас, қойы қоралас, құдандалас болғалы талай уақыт. Арадағы көпшілік қарым-қатынас әсте үзіліп көрген емес. Солардың ішінде Иекеннің біздің ауылға келуі кәдімгі бір той-думан болып өтуші еді. Оның ауылымызда ат басын көбірек, жиі тірейтін үйлері,өзінің туыстары: Мырзатайдың Тілеукесі, Ахметжанның Жұнысының Мараты және біздің ағай Қанапияның Сұлтаны болатын. Шын дарын иесі бір тартыншақтамай-ақ әнге басатын еді. Біздің жаққа тарап кеткен «Қызыл асық» деген әні еді. Бұл әнді әнші аға нақышына келтіре, ерекше бір түрлі әсермен орындайтын. Әсіресе, Үкілі Ыбырай өлең-әндерін айтқанда аруағы бар адамдай арқасы қозып, оны ауыл адамдары ауызының суы құрып сүйсіне тындайтын. Бұл мәслихат бірнеше күндерге созылып, әр үй дәм татырып, ол кісіні қимастықпен ауылдан аттандырып салушы едік.Бірде үйімнен дәм татып, отбасыма ақ батасын алғандарының бірі мен едім.Содан өзімше бірлі жарым өлеңдер жазып,баспа бетіне жарияланып та жүрдім.

Бір жылдары Қазақстанның 50 жылдық мерекесіне арналған облыстық ақындар айтысы болды. Сол шамада біздің үйге бір кісі мені іздеп келді.Таныса келсем Әшім Мендібаев деген адам екен. Ол кісі де бір сыдырғы тәуіп ақын болатын. Кейінірек облыстың халық ақыны деген атақ алған болатын. Бірақ Иекен сияқты емес,өленді суырып салмалық жағы да дәл сондай емес еді. Және орындаушылық қабілеті де жоқ екен. Оның үстіне жазу білмейтін,арабша төте жазумен жазады екен. Алда болатын ақындар айтысына қатыспақшы болған. Міне, сол кісіге көмектесуге:өлеңдерін жинақтап, топтап, бір жүйеге келтіруге сол кездегі Преснов ауданы пар-

тия комитетінің үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі Досым Жұсыпов маған жіберсе керек.

Сөйтіп айтысқа аттанып та кеттік. Қызылжар қаласында - «Ленин туы» редакциясында облыс ақындары кездескен болатын. Оның ішінде аты шулы ақындар, небір әншілер бар екен. Олар: Ғалым Малдыбаев, Уахит Темірбеков, Ахметжан Нұртазин, Жарман Рақымов, әрине, Игібай Әлібаев. Осы кездесуде Иекең сәлем беріп, Әшімнің серігі болып келгенімді айттым. Ол кісі сәт-сапар тіледі. Сонда есімде қалған бір оқиға болды. Ақындарға облыстық кәсіподақ ұйымы тарапынан ақындарға жолақша (командировочный) беріліп жатты. Келген жер шамасына қарай Әшім ағам Иекеңнен сомдай ақша артық алды, сонда Иекең ақша беріп отырған келіншекке:

-Шырағым, мына Әшімге неге артық ақша бересің? - дегені. Ал Әшім аға қалжындап:

Иекең ақшаны әркімге ақындығына қарай беріп жатқан көрінеді ғой,-деп қалды. Иекең сонда көзі шағырланып Әшімге қарады да:

Қалжындайтын бүтінде Әшім бе екен?

Ақындығы ол менен басым бе екен?

Ақшаны өзің алған екіге бөл

Өйткені Қайыргелді қасында екен, - деп суырып айттып салғаны. Екі жақтың әзілі жарасқан әңгімесіне біз біраз күліп алғанбыз.

Содан айтыс «Аралағаш» деген жерде болады деген соң сонда келдік. Айтысқа ауыл айтарлықтай дайындық жасаған екен. Үлкен дөңгелек қазақ үстелін жағалай ақындар айнала жайғаса отырысты. Сары бауырсақ төгіліп, сары қымыз сапырылып, ақындар домбыра құлағын бұрай бастады. Мен де шеттеу отырдым. Осы кезде Иекең:

- Әй, Бимақанның баласы, кел үстел басына қымыз іш,қысылма! Баяғыда ақындар айтысында алдына аяқ қымызды алып отырып айтысатын,-деп мені үстел басына шақырып алды.

Міне, содан айтыс басталды. Нағыз сөз сайысы. Айтыс аяғында халықтың сұрауымен Иекен көптеген өлеңдерді домбыраға қосып, талайды тамсандырған еді.

Содан кейінгі жылдарда Ж.Жабаевтың туғанына 125 жыл толу мерекесі өтіп, Жамбыл ауданы «Жамбыл» совхозының орталық мәдениет үйінде тағы да облыстық ақындар айтысы болды. Оған да қатысып, тойдың «Тойбастарын» бастап айтып берген еді. Тағы да сол Иекен тойдың көркі, айтыс көркі, әннің көркі болып қала берді.

Иекеннің өнер қасиеттерінің ішіндегі бір кереметі-өлеңді суырып салушылығы, қолма-қол тапқырлығы, өлеңнің мазмұны, ұйқасы, әні, орындаушылық шеберлігі еді. Ол кісі көпті көрген көнекөз. Әр тақырыпқа әңгіме айтса, жаныңды жалықтырмайтын. Жүрген жері той думан, қызық болушы еді. Ол кісінде шын мәнінде ақындық аруақ бар еді. Сондықтан да Иекенді «Айтуардың ақиық ақыны» ғана емес, қазақ елінің халық ақыны дер едім.

Осы тұрғыдан Қ.Сыздықов пікірін қолдай отырып, 90-ға толғалы отырған ақын ағаның ауылында бір ескерткіш дүние орнатылса, 90 жылдық тойы болып өтіп, халқын тағы бір толқытып тастаса деген бір тілек бар.

Шаншар ЖЕКЕЕВ
1993 ж.

ОРЫНДАЛҒАН АМАНАТ
Игібай Әлібаевтың туғанына 90 жыл
толуы қарсаңында

Биыл халық ақыны, әнші, Игібай Әлібаевтың туғанына 90 жыл толғалы отыр. Облыс жұртшылығының есінде суырып-салма айтыскер ақын, жез таңдай, күміс көмей әнші ретінде есімі сақталған Иекеңнің осы мерейтойы ұмыт қалмай, атап өтілер деген үміттемін. Сол үмітпен ақын жайлы есімде жүрген мына бір оқиғаны көпшілік оқырман қауымға жеткізбек ойым бар.

Мен Иекеңнің зайыбы - Гауһар апамыздың ағасы Серікбай Жекеевтің баласымын. Осы туыстық себептермен мен Иекең жездейдің үйіне жиі барып, араласып жүрдім.

Бір жылдары олар жерлесіміз, ғарыш батыры Викторенконың туып өскен поселкесі Ольгинкада тұрды. Сонда тұрғанда баруым жиілей түсті. Бірде жездемнің үйіне келсем, Иекең домбырасына қосылып, баяу дауыспен ыңылдап ән айтып отыр екен. Кірген бойда жездейге сәлем берудің орнына ол кісінің көңілін бұзбайын деп, әнге құлақ салдым. Тындасам, «Екі жирен» әні сияқты. Бірақ әнді көтерерде, аяқтарда бірнеше өзгерістер бар көрінеді. Бұған таң қалып тұрған мені Иекеңнің өлеңді тоқтатып: «Әй, мырза, сәлемің қайда?» деген сөзі састырып тастады.

Сәлем беріп, амандықты біліскеннен кейін ол кісі маған әлгі өлеңнің хикаясын айтты: «Бүгін түнде түс көрдім. Түсімде Үкілі Ыбырай келіп: Сен мынау әнді айт, сөзі мынандай, аты мынандай, орындалуы былай, дегені. Ойбай-ау, бұл кәдімгі «Екі жирен» емес пе десем, жоқ, сен мына жерлерін көтере былай-былай айт деп маған осы әнді үйрете бастады. Содан ояна кеттім де, әлгі әнге өлең жазып, әнін үйреніп отырғаным мынау. Ал тыңда өлеңнің аты «Бала жирен», сөзі мынандай, «Екі жиренге» ұқсас келеді. Бірақ арасында өзгерістер бар», - деп баяу дауыспен жездем әнді бастап кетті:

Баласы боз жорғаның бала жирен,
Басына бәйге сайын бала мінген,
Мәпелеп кілем жауып әшекейлеп,
Жібекпен жал-құйрығын бірдей өрген.

Аһ-ау, бала жирен
Әнім сүйген.
Кербезден кекіліңе
Маржан түйген.

Аты екен бұл әнімнің бала жирен,
Бірақ мен білмеуші едім бала күннен,
Дәл бүгін ақын Ыбырай түсіме еніп,
Бұл әнді - «Бала жирен» - сонда үйренгем.

Әнді орындап болып, кейінгі ұрпаққа мұра қылып қалдыру үшін Қайырбекке тапсыратынын айтты.

– Тапсырып отырған Қайырбегіңіз кім? – деп сұрадым жездемнен.

– Ә, сен білмейді екенсің ғой. Ол өзіміздің ауылдың тумасы – Сағындықов Сыздықтың баласы. Қазір әскер қызметінде жүр. Ән-күйге әуестігі бар, мені жақсы түсінетін болған соң, соған тапсырып отырмын. Жолыққанда үйрететін ойым бар, - деді.

Мен, шынында да, ол кісіні білмеуші едім. Кейін көп жылдар өтіп, әскери қызметінен босанып, осы Қызылжар қаласына көшіп келгеннен соң ғана танысып, білістім. Сондағы жездем айтқан әңгімені Қайрекеңе айтқанымда ол кісі де Иекеңнің осындай әні бар, естіп едім деді.

Бұл әннің тағы бір сыры бар. Иекең Алматыға барып жүрген де Сәбит Мұқановтың үйінде бір мәжілісте отырып, осы әнді айтады. Сол үйде бірге болған Жүсіпбек Елебеков әлгі әннің көтеріңкі жерлеріне қызығып, қағып алып үйренгенімен, сөзін жазып алмапты. Әйтсе де, есінде қалған бұл әнді «Екі жиреннің» екінші түрі қылып, талай концерттерде орындаған екен. Осы күні республикалық радиодан

«Алтын қорымыздан» деп беріліп жүрген концерттер де Жүсіпбектің орындауында осы ән айтылып та жүр.

Мен Қайрекеңнен бір кездескенде: «Осы «Бала жирен» әнін айттыңыз ба?» - деп сұрадым.

Игібай аға маған дауысым бұзылып, ән айтпай жүргенде кездесті. Сондықтан бұл әнді орындаудың сәті түсе қоймады. Әйтседе, жасы үлкен аға сеніп тапсырған соң, ол кісінің аманатын мен басқа жағдайда орындадым. Иекеннің екі өлеңіне ән шығардым. Біреуі – «Туған жерім Айтуар», екіншісі – «Шалқиды жыр».

Бірінші ән – «Туған жерім Айтуарды» республикалық мемлекеттік филормониясының белгілі әншісі Әскербек Еңкебаевтың орындауында бірнеше рет қазақ радиосынан естідім. Одан кейін Айтуар ауылының алпыс жылдық тойында ауыл жастары хормен айтып, бір қуантып тастады. Бұдан кейін Иекеннің аруағын сыйлап, рухына бас иіп, Айтуар ауылына оның желкілдеп өсіп келе жатқан жастарына, ақынның туған жеріне арнап «Сенбесендер, келіп көр» деген өлең жазып, оған ән шығардым. Бұл ән де ауыл жиындарында айтылып жүр, - деді Қайрекең.

Мен осы әңгімені естігенде Иекен жездемнің тапсырысы орындалғандай, сенімі ақталғандай сезіндім.

АСҚАҚ ӘНІ АСПАНДА ҚАЛЫҚТАҒАН

Шілде айы болатын. Әңгімеме өзім туған Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылы арқау боларын алдымен айта кетейін. Күндегі қалыптасқан әдеттерінше шешем Бибі сиырын сауып, әкем Серікбай оны өріске шығарып, қайтар жолында биесін ала келіп, оның құлынын байлап, таңғы шайларын ішуге жайғасқан сәттері.

Мен сол күні күндегідей түс жақын емес, ерте ояндым. Шешем «Балам ұйықтамадың ба?» деп сұрады да, онысына жауап күтіп жатпай, «кел» деп дастарқан басына шақырды. Беті-қолымды шая салып, дөңгелек үстелге жақындадым.

Әкем сөз бастады.

– Бибі, аман-есен босанып, өмірге нәрестеміз келді. Оның үстіне қызымыз оқу бітіріп жатыр. Елді, ағайын-туыстардың басын қосып бір той өткізейік, - деді.

«Нәресте дүниеге келді» деп отырған сол жылдың шілдесінде көпей інім - Бейбіт болса, қызымыз деп отырған үлкен апам Сара жайлы болатын.

Сара Алматыдағы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтын бітірген. Еңбек жолын бастапқыда ол өз облысымызда бастағанымен, кейін оны Павлодар облысында жалғастырды. Білім беру саласына өмірінің көп жылын арнады. Білікті маман ретінде еңбегі елеусіз қалған жоқ, әділ бағасына ие болды. «Халық ағарту ісінің үздігі» атағын алса, ол соның айқын айғағы емес пе?

Тойдың боладысы, әсіресе, біз сияқты ойын балалары үшін қызық-ақ. Шыдамсыздана отырып әкемнен оның қашан болатын сұрадым. Ол «Апа-жездеңнің келуіне байланысты» деп қысқа ғана жауап қатты.

Әкемнің «жездең» деп отырғаны, өңіріміздегі әйгілі халық ақыны, республикаға да танылып үлгерген Игібай Әлібаев еді. Ал апама келсек, әкемнің қарындасы – Гауһар бо-

латын. Иә, сөйтіп сол күннен бастап, біздің үйде оған қатысты жұмыстар қарбалас қолға алынса, ол той қамына кірісуге арналды. Тойдың негізгі шаруаларын тындыру сол кезде жас шамасы 14-15-тердегі үлен ағам Асқарға бұйырды.

Той болатын күн де келіп жетті. Бұл күндері мен үшін әдеттегідей таңертеңгілік ерте тұрмай, жатып алатын әдет қалған. Сол күні апа-жезде келетін жолға көп көз салған мен болармын.

Ат-арбалары алдымен алыстан көрінгенімен, жүрдек жылқы болса керек, анадай болмай, оның тұяғы ауыл іргесіне ілікті. Міне, келіп те қалды. Үлкендер қауқылдаса амандық білісіп жатты. Соған қатысты әңгімелері саябыр тапқан кезде жездеме жақындап барып:

Жездемнің ат-арбасы, оның әбзелдері қандай тамаша, - дедім.

Бұған жауапты жездем емес, әкем берді.

— Ойбой! Жездең мен білсем мұндай «тамашаның» ретін келтіре алмайды. Дәуде болса, бір колхоз бастығынікін сұрап алған шығар, - деді ол жүзіне күлкі үйіріліп.

Кейін білдім ат-тұрман қайда, Иекең жалпы алғанда үйді ал, түзді ал, шаруаға, шаруашылыққа аса мән бермейтін, мойын бұра қоймайтын жан екен.

Тойға келген қонақтарды қос ағаш үйге жапсарластыра салынған кең қораның ішіне жаңадан шабылған шөпті төсеп, оның үстіне көрпе жайып, сонда жайғастырдық. Тойға сойылған тайдың еті пісіп, табақтар тартылды. Жиналғандар арасында қызу әңгіме, бір-бірімен мәре-сәре, әзіл-қалжыңдары да ерекше жараса қалған. Той дегеннің не екенін осындайда түсінетін сияқтысың. Жақсы көңіл күй, қуаныштан тұрады ғой ол. Сонысымен қызық.

Елден жиналған 4-5 домбыраның ішінен таңдалынып алынған ең шешенін әкем қолға алып, оны «Ауылдың алты ауызын өзің баста» деп бірсыдырғы өнері бар Жанғали Нұрмазановқа ұсынды. Жанғали ағамыз орындаған 1-2 ән отырғандарды бір серпілтіп тастады. Ендігі кезек Мәлік

Үсеновке келгенін білдірген әкем домбыраны оның қолына ұстатты.

Біз қашан болсын айта береміз ғой, Иекең (Игібай) айтсын, - деп ол мәдениет сақтап, қарсылық білдіріп еді, онысы болмады,

Жо...жоқ! Игібайға да кезек беріледі. Өйтпегенде ше? Бірақ ол келген екен деп ауылдың әншілерін менсінбей қалған сияқты болмайық. Шырқап жібер, Мәке! – деп жатты. Мәліктің орындаған 2 әнінен кейін, тойға жиналған көп қауым Игібайдың қолына домбыра тиюін тағатсыздана күтіп отырған еді.

Ол алдымен домбыраны бабына келтіріп алды. Сөйтіп, ашық әсем қоңыр дауысымен әнді бастап кетті. Тойға түсте жиналған халық, кешке дейін Иекеңнің тамылжыта, шарықтата салған әндеріне құлақ құрыштарын қандырып, көңілді тарасты.

Сол жолы Игібай жездем мен Гауһар апам ауылда аунап-қунап оншақты күн жатты. Ағалары Қали Алпысбаев, Бұзаубай Жақыпов, замандастары Байнияз Байдосов, Ғаббас, Байкенже, Ебни Теңізөвтердің, інілері Қожа Сибанов, Ықымжан Нұрғожиндердің үйлерінде қонақта болып, күн сайын үй толы жиналған жандарды ән мен жырға бөлеп, онымен құмарларын қандыра сусындатты. Әлгі үйлерге әкеммен еріп ән тындауға баратын менің жасым сол кезде 7-де ғана болатын.

Мұндай өнердің адамға тигізген әсері керемет қой, сол себеп болды ма екен, менің көңіліме ержетіп, ес жиған шағымда өнерпаз болсам деген ой ұялады. Мектеп бітірген соң Жамбыл қаласындағы мәдени-ағарту училищесіне оқуға түстім. Онымен де шектеліп қалған жоқпын. Одан кейін Шымкенттегі Әл-Фараби атындағы педагогикалық мәдени-ағарту институтын бітірудің сәті түсті.

Мен еңбек жолымды музыка пәнінің мұғалімі болып бастадым. Өкінішке қарай, бұл салада көп жыл қатарынан қызмет ете алған жоқпын. Көзімнің көру қабілетінің күрт нашарла-

уына байланысты жұмысымды тастауға тура келді. Сөйтіп «Қазақ зағиптар қоғамының Петропавл қаласындағы оқу-өндірістік кәсіпорнына» жұмысқа орналастым, осы ұжымды басқарып отырғаным да бүгінде бірнеше жылдардың жүзі болды.

Маған Игібай жездеммен жиі араласып тұрудың сәті ол зейнеткерлікке шыққан кезде түсті. Бұл кезде баласы Жалбыр Мәскеудегі оқуын бітіріп, бүгінгі Шал ақын ауданындағы «Семиполка» кеңшарында машина-трактор стансасының менгерушісі қызметін атқарып жүрген. Кейін ол осы кеңшарға қарасты бір бөлімшені басқарды.

Иекенді іздеп қашан барсаң да, оның алдындағы жазу үстелінде көптеген баспасөз басылымдары, түрлі қағаздар жататын. Сол бір жылдары халық ақынының «Домбыра» дастаны, Өтеген, Биші қыз, Жалағаш жыры, басқа да жазған дүниелері жарыққа шықты. Бұл жерде оның «Жалағаш» деп отырғаны ата-бабаларының ежелгі қоныс тепкен жері. Ел аузында «Қосбай қыстауы» аталып кеткен жер осы жер.

Үстел үстіндегі қағаздарға қызықтап көз салғанымда олардың арасынан Алматыдан Сәбит Мұқановтан келген хаттарға да көзім түсетін. Сәбең – жазушы, Иекең – қазақ тілі, қазақ әдебиеті мұғалімі. Сөйте тұра олар бір-біріне хатты арап әрпімен жазатын.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Иекеңнің әншілік өнерін және суырып салма ақындығын қатты құрметтегенін көпшілік біледі. Арадағы сондай достық, сыйластық қарым-қатынас болар, Игібай Әлібаев 60 жасқа толғанда Сәбең атақты Кенен Әзірбаевты, одан басқа да есімдері елге танымал ақын-жазушыларды өзімен ертіп тойға әкелгені. Бұл нағыз сый-құрметтің белгісі емес пе?

Игібай жездем Алматыға әдейілеп, Сәбең үйіне жыл салып болмаса да, 2-3 жылда бір рет жүйелі барып тұратын. Бірер күн емес, біраз уақыт болып қайтатын. Ал Сәбең болса, ел жаққа келгенде Иекең үйіне соқпай кетпеген кезі жоқ, кетерінде өзімен бірге ала кететін.

Бірде ол маған әңгімелесіп отырғанда Марьевка орта мектебін күміс медальмен бітірген ұлы Жалбырдың Тау-кен институтына түсе алмай қалып, 3 жылға Отан алдындағы азаматтық борышын өтеуге аттанғанын білдірді.

Мен сол сәт жұлып алғандай:

– Сәбеңнен қолұшын беруді өтінбедіңіз бе?– дедім.

Жездемнің өңілі бұзылып кетті. Маған ұнатпаған кейіппен қарады да:

Мен жеке басымның шаруасы үшін, туған-туысқандарымның, дос-жораларымның мазасын алған емеспін. Тек қана мектепте қызмет етіп жүргенімде бір ауылдан, келесі бір ауылға жеткізіп салуды сұрағаным болмаса – деді жүзі жаяла.

Бұл кісімен талай әңгімелесе жүріп, оның «Ана ақынмен айтыстым, мына ақынмен айтыстым, ол «үй» деді, мен «бүйә дедім деген сөзін естіген кезім жоқ. Әріптестерінің намысына тиетін сөз әсте айтпайтын. Ол бір құптарлығы қызықты жайттар жайлы ғана әңгімелейтін. 1925 және 1958 жылдары қазақ өнерінің Мәскеу мен Ленинградта өткен онкүндігіне қатысқанын, Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толған тойына арнайы шақырылғанын, Сәбит Мұқанов бастаған бір топ ақын-жазушылар Шығыс Қазақстан облысын аралағанын, 1968 жылы сондай сапармен көрші Көкшеде болғанын майын тамыза отырып айтатын. «Сол қызыққа толы тамаша күндер әлі көз алдымда» деп рақаттанатын.


Иекен Біржан салдың «Жонып алды», Мәдидің «Қарқаралы», Естайдың «Жайқоңыр», Үкілі Ыбырайдың «Қызыл асық», өзінің «Жастық», «Есімде» әндерін асқан шеберлікпен, тыңдарман жандардың жүрегіне жеткізе орындайтын.

Бірде Сәбит ағамыз Иекене өзінің 60 жасқа толуына байланысты Алматының әр жеріне түрлі мәдени шаралар өтетінін айтып, одан ертерек жетуін сұрайды. Иекен болса сол шаралардың барлығына тегіс қатысып, тойбастарды жырлаған. Сол жолы ол елге жиналып жатқанда Сәбең оған тойдың жалғасы әлі алда, ауыл жақта екенін білдіреді.

Ол аз болса, өзіне сыйға тартқан, футлярінің іші мақпалмен көмкерілген, ерекше сәнді етіліп жасалған күміс көмей домбырасын оған тарту еткен.

- Менде үйде ермек қылатын домбырам бар. Әрі мен сендей ел аралап, ән салып жүрген жоқпын. Ал мына домбыра болса саған лайық, алып жүруге өте ыңғайлы, әрі дауысы керемет. Менен ескерткіш болсын, - деп әлгі домбыраны Игібай Әлібаевтың қолына ұстатады.

Мұндай сыйлықтың қадірін түсіруге болмайтынын түсіне білген Иекең сол қара домбыраны 20 жылдай қолынан шығармай, өзіне серік еткен. Ол домбыра бүгінде қаладағы облыстық өлкетану мұражайында тұр. Иекеннің немерелері үлкен достықтың дәнекері болған осынау асыл мұраның мұражайда сақталып, халық игілігіне жарағанын жөн санаған.



**ӨНЕРІНЕ ТӘНТІ БОЛЫП ЕДІ
ХАЛЫҚ АҚЫНЫ, ӘНШІ ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВТЫҢ
ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ.**

1960 жылдың маусым айы болатын. Он жетідегі балаң жігіт кезім. Ауылға астанадан академик жазушы Сәбит Мұқанов біздің ауылға ат басын тірепті дегенді естідім. Сәбең ауылдың қадірменді ақсақалы Сұратай отағасының үйіне түскен екен. Кәрі-жас, бала-шаға ақынның дидарын көріп қалуға асығып, сол үйге қарай ағылуда. Мен де ақын ағаны көрмекші болып көпке ілестім. Бақсам, Сәбең мен Мәриям апай жалғыз келмепті. Жанында қазақ өнерінің тарландары Қалибек Қуанышбаев, Бибігүл Төлегенова, Қанабек Байсейтов, Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжановтар бар екен. Маусым айының сол бір түні Майбалық ауылы тұрғындарының әлі есінде. Түні бойы Қалеки (Қалибек) мен Қанабектің, Бибігүл мен Байғалидің шырқаған әндерін тыңдап, бір жасап қалып едік.

Сәбең сол жолы елге тектен-текке келмеген. Ағамыз асқаралы 60 жасқа толып, соны ел ішінде тойламаққа келген. Ертеңіне Тегісшіл деген ауылдың бергі жағындағы жайқалған жасыл орманның ортасындағы үлкен алаңға Пресноу ауданының барлық қазақ ауылдарынан, Октябрь ауданынан жиналып, ұлан асыр той басталып та кетті. Той болған соң, ат ойыны мен палуан күресінсіз бола ма? Палуан күресінде Балуан ауылының Есмағзам деген азаматы күшімен, күресу шеберлігімен бас бәйгеге ие болып, елді таң қалдырғаны әлі есімде.

Алаңның көлеңкелі бұрышында жиналғандарды өнерімен тәнті етіп отырған бір топ әртістердің ортасында етжеңділеу келген ірі тұлғалы адам отырды. Бұл кім болды екен деп әркімнен сұрастырсам, өзіміздің жерлес ақынымыз, әрі әншіміз Игібай Әлібаев деген кісі екен. Шынымды айтсам, ол

кісінің атын естігенім болмаса, өнерін тамашалап көрген жоқ едім. Ән кезегі Иекең келгенде серпіліңкіреп барып әнді бастай берді. Ақанның «Сырымбеті», Мәдидің «Гэккуі» Иекең орындауында ерекше түрге боялып, тыңдарманды түрлі сезімге бөлейді екен.

Игібай Әлібаев – біртуар өнер адамы. Оның суырып салма ақындығының өзі неге тұрады. Талай рет Республика ақындарының айтысына қатысып, атышулы ақындармен кейде үзенгі қағыса, кейде алдына түсіп мәреге жеткен. Оның шығарған өлеңдері мен әндері өнер сүйер қауымның жадында.

Соның айғағы Иекеңді көзі көріп, тәлімі алған Көкен Қопышев, Қайырбек Сыздықов ағаларымыз естелік жазып, газетке жариялап жатыр. Мың да бір рақмет! Қазақта «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» деген қанатты сөз бар. Өңірімізден түлеп ұшқан әдебиет тарландары Сәбит пен Ғабит, Сафуан мен Ғалым, Зейнелғаби мен Ермек Қонарбаевтар атын атағанда Иекең де көңілде тұрып, өнері жарық жұлдыздай сәуле шаша түседі.

Міне, осы Иекең биыл тоқсан жасқа толғалы отыр. Артында қалған ұрпағы оның өнерін қастерлеп, торқалы тойды дүркіретіп өткізбекші. «Жақсының артында сөзі қалады» демекші Иекеңнің ұрпақ үшін тастап кеткен мұрасы аз емес. Енді (менен басқа жұрттың ойында бар шығар) ол кісінің атын атап жүретін бір мекен болса. Мәселен, өзінің ауылы Айтуарға, ауданымыздағы мәдени ошақтарының бірінің атын Иекең атымен атап, ескерткіш орнатса, құба-құп болар еді.

Игібай Әлібаев туралы (Естелік)

Игібай деген ақын бар дегенді бала кезімде естігенім болмаса, ол кісіні алғаш көруім 1965 жыл болатын. Жаңажол ауылы ол кезде С.Мұқанов кеңшарының бөлімшесі болатын. Бөлімше меңгерушісі Өтеген Төлеевтің үйіне Игібай ақын келіпті дегенді естідік. Дәл Иекең келген күні Өтегеннің жұбайы Алтын жеңгей босанып, ұл туған. Үй иесінің қуанышында шек болмады. «Құтты қонақ келсе, қой егіз табар» дегендей Иекеңе де теріс болған жоқ. Балаға Иекең өзінің атын қояды. Сол Өтегенмен аталас Халық мұғалімі Шәйін отағасының баласы Дудудың жұбайы Нағима сол үйге келіп көмектесіп жүретін. Таңертең ертерек сол үйге келсе, жөргектегі Игібай жылап жатыр екен. Баланың қасына барып Нағима : «Тентек, Игібай-ау, неге жылап жатырсың », деп арқасынан қаға бергенде төрде төсекте жатқан Иекең «Ол не шырағым?»- деп басын көтергенде, Нағима жеңгей үйден тұра қашыпты. Сөйтіп Иекеңнің жүрген жері жиын –той болса, екіншіден осындай күлкілі жағдайлар да болып тұратын. Сол үйде Иекең, бір жұма болды. Ауыл адамдары шақырып қонақ етіп, өлең айтқызып мәз болып қалып еді.

Мен де үйге шақырып дәм бердім. Мен ол кезде Хамит отағасымен бір үйде болатынмын (Ғабиттің ағасы). Ол кісілер қашаннан бір-бірін білетін адамдар екен, көп әңгімелесті.

Маңай түгел жиналды. Тағы да өлең айтылды. Сол кезде алпыстан асып, жетпіске таянса да дауысы, домбыра мен өлең айту шеберлігі еш бұзылмаған.

Мектеп директоры Аткелтіровпен ақылдаса отырып, ақынды мектепке шақырып, оқушылармен кездесу ұйымдастырдық. Иекеңнің өзімен кеңесіп, осы ойымызды білдірдік. Ол кісі түс кезінде қолының бос болатынын айтты.

Дереу әр тұсқа хабарландырулар ілдік. Халық сағат 12 кезінде мектепке қарай ағыла бастады.

Кездесуді бір үлкен класта өткізбекші едік, халық оған сыймай кетті. Содан мектептің коридорына парталар шығарып, әр партаға үш адамнан отырғыздық. Мектеп директоры Иекеннің өмірбаянымен қысқаша таныстырып өтті. Одан соң мектеп оқушылары концерт қойып берді. Ол кісімен айтысқа шығатын еш адам болмаған соң өз өлеңдерін, халық әндерін орындады. Ара-тұра маған: «Ал, бала, бір-екі өлең айтып жібер», деп маған домбырасын ұсынады. Мен сол кездердегі жаңа әндерді айтам. Иекен мені көтермелеп «ахау деген!»- деп қояды. Иекеннің көтермелеуіне сүйеніп және ол кісінің қолын суытуға жарағаныма өзім де іштей риза боламын. Көтермелеген сайын әрі қарай айта берем.


Сол мәжілісте біз Иекенді құрметті пенсионер қатарына қабылдадық.

Иекенмен екінші кездесуім С.Мұқановтың 75 жылдығына арналған ақындар айтысын өткізуде болды. Қазіргі С.Мұқанов атындағы кеңшардың клубында ақындар айтысы өтіп жатыр. Мен өзіммен- өзім әуре болып жүрмін. Өйткені мен Әшім Мендібаевтің шығарған өлеңдерін домбырамен қосылып айтып шығуым керек болды. 20 шумақ өлеңді табан аузында айтып шығу маған оңай ма? Мен де Мендібаевтың өлеңін айтып бердім-ау. Айтыс өткен соң үзілісте Иекен : «Әшімнің осынысын мен ұнатпаймын, үнемі өлеңін өзі айтпай, басқаларды қинайды да жүреді». Маған: «Егер сен болмағанда не істер еді.Қайта сен табан аузында жақсы орындап шықтың»-деді

– «Сен жақсы әнші екенсің, қолына қаламыңды ал да жаза бер, мен айтып отырайын-деп өзі қолма-қол шығарып мына өлеңді айтып жүр»-деді. Сол өлеңнен есте қалғаны:

Ауданым алып Жамбыл атындағы,
Тұрғыны Ғабит, Сәбит жақындары.
Қоймаға сегіз миллион пұт астық құйып,
Қатар тұр миллиардшылар сапындағы,

Жерлесім Сәбит, Ғабит елі Керей,
Ақындар жүрген жері күнде мерей.
Еліне сол туыстардың келген шақта,
Сөйлемей қалай шыдар біздің көмей.



ИГІБАЙ ӘЛІБАЕВ ТУРАЛЫ КЕШ БОЛДЫ

Жамбыл аудандық кітапханасында жерлес ақын, композитор әрі әнші Игібай Әлібаевтың туғанына 90 жыл толуына байланысты лирикалық кеш өтті. Кешке қатысқан адамдар саны жағынан өте көп болғанымен, Игібай әнін, Игібай жырын өте сүйетін адамдар болып шықты. Сондықтан да болар кеш әсерлі қызғылықты болып өтті. Кешке арнап Игібайдың шығармашылығына арналған «Әнші ақын» аталатын кітап көрмесі ұйымдастырылды. Кітап көрмесінің жанынан «Игібайдың жанұясы» деп аталатын фотостенд орын алды. Екі стендтің ортасында Игібайдың Сәбит Мұқановтан сыйға алған домбырасы сыртқы қабымен орналастырылды. Кешке қатысқан адамдар өте бір белсенділік көрсетіп, ақынға деген зор сүйіспеншілігін паш етті. Аудандық музыка мектебінің директоры Майра Сибанова Игібайдың өмірі туралы айта келіп, ақынның «Айтуар» атты өлеңін орындап берді. Сонымен шектеліп қалмай, Игібай сүйіп айтатын Абай әндерінен бір-екеуін орындады. Одан кейін сөз алған ақынның немересі, аудандық бюро ЗАГС-те меңгеруші болып істейтін Шахметова Көгаршын атасы туралы қызғылықты естеліктерді еске түсірді. Атасымен бірге Алматыға Сәбит Мұқановтың 70 жылға толған тойына және Жамбыл Жабаевтың туғанына 125 жыл толуына байланысты болған жиынға ере барғанын, әттең сол кезде көңілге түйері аз жас бала болғанын өте тебірене тұрып сөз етті. Келесі естелікті Алматыдан жұмыс жағдайымен бізде командировкада жатқан атақты Сегіз серінің немересі Биғожин Қаратай әңгімеледі. Қазақ әулеті туралы білері өте көп Қаратай Игібаймен қалай кездесіп, қандай әсер қалдырғанын әңгімесіне арқау етті. Жиылған жұрт ыждағатпен тыңдады. Игібайдың бойында серілердің қасиеті болғанын және ол біздің өңірдегі сал-серілердің ең

соңғысы болғанын және Сартомар сегіз жылдық мектебі ашылғанда ең бірінші сол мектептің директоры болып істегенін біз сол Қаратай ағаның айтқан әңгімесінен білдік. Сегіз сері, Нияз серінің, Біржан сал өлеңдерін нәшіне келтіріп орындап жүргенін өз құлағымен естігенін және де басқа көп жаңалықтардың бетін ашты.

Аудандық қазақ тілі қоғамының жауапты хатшысы Социал Жұмабаев өзінің Игібаймен кездескенін екі отырысын тілге тиек етіп, ақынның ерекшеліктеріне тоқталды. Қай ортаға түссе де ақын Игібай өзінің үлкендігін, атақты адам ешқашан алға тартпаған, кішіпейіл жан болған көрінеді. Өзінің табиғат сыйлаған ерекше дауысын, марапаттап қана қоймай, басқа әншілерге де кезек беріп, оларды да көңіл қойып тыңдайды екен. Тыңдап қана қоймай, мына өлеңнің мына жерін былайша айту керек деп түзетіп, ақыл-кеңес беретіні көрінеді. Өзімен бірге отырған адамдарды тәнті әңгімемен үйіріп алып, әсерлі әнін тыңдатып, жиналған көптің көңілін көтеруден таңбаған.

Кітапхана библиографы Баймұқанова Айтжан кітап көрмесінің жанында кітап және газет материалдарына шолу жасады. Игібайдың өмірінің айғағы «Жалағаш-құт мекенім» деген поэмасын нәшіне келтіріп оқып берді.

Кешті жүргізуші кітапхана қызметкері Жусеева Зауреш өз сөздерінде Игібайдың жырларынан үзінді оқып, өте бір келісімді бұрылыстар жасап, сөз кезегін алмастырып отырды. Жылған жұрт кітапхана қызметкерлеріне көптен-көп рахметтерін айтып, Игібай туралы бағалы мағлұмат бергенін айтып өткенді орынды көрдік.

ӘНІ КЕТПЕС ҚҰЛАҚТАН Игібай Әлібаевтың туғанына 80 жыл

Зымыраған уақыт керуені қандай ұшқыр десеңізші! Қас қағымдай сәтте жылдардың өзі заулап өтіп жатыр. Кеше ғана сияқты еді... Ия, кеше ғана аңқылдатып ән тербеген әйгілі Игібай ортамызда шашақты домбырасын көтере толғап, бұлбұлдай сайрап отыр еді. Арқалы ақын, асқақ әнші Игібайдың да дүниеден өткеніне бес жыл болып қалыпты. Сол сұңқар қанат шабытты, суырып салма серпінді, тұнық төкпе термеші Иекеңнің туғанына міне 80 жыл толып отыр.

Игібай Әлібаев – біздің облыстың, тіпті республиканың мәдени өмірінде елеулі із қалдырған халық таланты. Ия, оның сан қырлы өнерпаздығына салмақтап үніліп, саралап ой жіберсек, халықтың ең ортасынан суырылып шыққан шынайы талантты таныр едік. Иекеңнің арнаулы білімі болған жоқ, сонысына қарамай ол өнердің сан саласында жорғадай жосылта тартатын майталман болатын. Артист, әнші, композитор, ақын, жыршы – осындай асыл текті айшықты атаулар Игібай Әлібаевтың атына жарасымды үйлесетін, оның есіміне тіркескенде түрленіп, екпінді еселеніп, атой салып тұратын-ды. Өзі де соған лайық, сегіз қырлы, бір сырлы сыр-баз болғаны шүбәсіз.

Сарыарқаның самал сүйген сайын даласы кең кеудесін көсілтіп келіп, керемет кербез Сібірдің сыңсыған нуына тірелген тұста табиғат шіркін тамылжыған тамашасын айқара ашып тастағын тәрізді. Көгілдір орман, керілген дала, көз қызықтырған сылқым суреттер. Әсіресе, жаз нұрына балқып тұрған шақта қандай құлпырмалы десеңізші біздің өңір. Осы туған өлкесін Иекең айрықша махаббатпен сүйші еді. Сондықтан да болар, ақынның жетпіс жасқа толу тойын өткізгелі жиналғанда:

– Жер аяғы кеңісін, көктемгі егісті өткізіп алайық, жердүние құлпырсыншы. Біздің жер ғажап қой, – деп ол асықпауды жөн көрді. Туған күні майдың басы болғанмен, мүшелтойды 30 июньде өткізуді ұйғарды.

Уәделі уақытта аудан орталығы Сергеевка қаласында керекті клубтардың бірінде халық ақыны Игібай Әлібаевтың жетпіс жасқа толуы ресми түрде аталып өтті. Салтанатқа облыс, аудан басшылары, жұртшылық өкілдері қатысып, жылы-жылы лебіздер білдірілді, құттықтаулар айтылды. Ақынның өмірі мен творчествосы туралы аудан басшыларының бірі баяндама жасады. Ақын юбелейі өте жақсы ұйымдастырылды, көп қонақтар оның үйінде, Быковский атындағы совхозда болып, Иекенді шын жүректен тағы да құттықтасы.

Осы мүшелтой ақын, әнші Игібай Әлібаевтың биік бағасын тағы бір айқындап берді. Жерлестері оған ерекше құрмет-қошемет көрсетті. Дуылдаған думанды тойдың бір қаға беріс қалтарысында Иекен мені оңашалап алды да, сырға жетеледі:

– Қарағым, осы мен қанша жүре береді дейсің орталарында, бір күні кезегі келсе кете барармыз, – деп ол ақ қырау енсерген сұлу мұртын ширатып қойып әзіл араластыра күлді.

– Ондайды айтпаңыз, Иеке. Әлі тың емессіз бе? – дедік.

– Сонда да, бір керегі болар, өмір жолымды жазып алшы, – деді ақын. Біз де осындай оңтайлы сәтті тосып отыр едік, қағаз бен қаламды алып сайланған қалыппен қарай қалдық.

– Туған жерім қазіргі Жамбыл ауданындағы Айтуар ауылы, бұрын қоспай ауылы деп аталатын, – деп ол аз-кем ойланып отырды да сөзін әрі сабақтады. – Кедей шаруаның семьясында тудым. Әкем Әлібай байдың есігінде жалшы болған.

– «Әке көрген оқ жонар» дегендей, – деп үлгергенімізше көкейдегі сұрақты өзі топшылап ол бапты мақамын әрі созды.

– Оның рас. «Әке көрген оқ жонар» деп халқымыз бекер айтпаған ғой. Біздің тұқым түгел әнші еді. Әкем Әлібай әнші болған кісі. Оның ағасы Тәжібай осы өңірге әйгілі әнші Біржан салдың шашбауын көтерген сері. Өзімнің туған ағам

Рамазан қолдан домбыра жасап, күй тартатын. Әрі етікші еді, етік тігіп, үй-ішін асырап тұрды. Өз шешем Қали өлең шығаратын өнерлі еді. Осындай ортада өскен соң әншілік өнер маған да дарыса керек. Тоғыз жасымнан бастап шаршы топтың алдында домбырамен ән салуды әдетке айналдырдым.

– Октябрьді қалай қарсы алдыңыз?

– Ұлы Октябрь таны атқанда байдың есігінде жүрген табаным тілім-тілім жалшы едім, - деп ақын сонау алыстағы күндерді еске алғандай бір күрсініп алды. - Октябрь бостандақ әперді, кеудем қуанышқа толып, алғашқы жырымды Октябрге арнадым. Домбырамды әперші, Жалайғай салды. Шабытбұлты үйірілгендей қабағы түйіліңкіреп, жанары жасаурап, тұғырында дүр-дүр сілкінген қыран кейіпте қопандап алды да, қолын жоғары созған күйі, домбыраны тосып отырды. Жалбыр жүгіріп барып үйден үкілі домбыраны алып шықты. Иекең сыңғырлаған серігін сырлы сағақтан сайрата жөнеліп, шертіп-шертіп жіберді.

– А-а-а-й, ах-а-а-а-у, - деп аспандатып даусын біраз көтеріп алып барып, қиядан құлдилатып термеледі.

Пролетарға бостандық
Алып келген – Октябрь.
Мәңгі нұрлы шамшырақ
Жағып берген – Октябрь.

Жаңа тарих – бағытқа
Қалам ашқан – Октябрь.
Достық туын желпінтіп
Алға басқан – Октябрь.

Тасқындаған жырларын біраз төкпелетіп, сол жерде жиналып қалған халайықтың мейірін қандыра біраз әнмен сусындатты да, ақын маңдайында шыпшыған терін сүртіп, қоңыр үнімен өмір жолынан әңгіме тарқатты. 1921 жылы әкесі Игібайды Қызылжарға алып келіп, педтехникумға оқуға береді. Оны 1926 жылы тәмамдаған ол ағартушылық жолын

бастап, сауатсыздықты жою ісіне белсене араласты. Байқұлақтарды конфискулеу, колхоздастыру істеріне араласқан Иекең өлең-жырдан адасқан жоқ. Сол кездің жақсылығын да кемшілігін де жырға қосып, көп өлеңдер жазды. Бірақ, солардың бірін де сақтамаған, дені ел аузына тарап айтылып жүрген. 1931-34 жылдары ол Володар аудандық оқу бөлімінде істеді. 1935-37 жылдары облыстық драма театрында артист болды. Одан кейін әскерге алынғанша ауылда мұғалім болып, бала оқытты. Ал ел басына қауіп төнгенде Ұлы Отан соғысының майданына аттанып, Иекең оқ пен оттың ортасында қарумен бірге өлең-жырын, әнін де серік етті. Тыныс сағаттарында жауынгерлерді асқақтаған әнімен серпілтті. 1943 жылы жараланып елге оралды да, Иекең сауыққан соң облыстық филормонияда көркемдік жағын басқарушы болып орналасты. Артистер бригадасын басқарып, облыстың ауыл-ауылын аралады, соғыстан қалжыраған жандардың жігерін әнмен желпіндірді, жүдеу шаңырақтар шаңырақтарда ойын-сауық отын лаулатты. Ал 1948 жылдан песияға шыққанға дейін тағы да өзі сүйген мамандығына оралып, мұғалім болды.

Иекең қай қызметте жүрсе де, қолынан домбырасын тастаған жоқ, ән салды әуелетіп, өлең зерледі өрнектеп, облыс өмірінде болып жатқан мәдени оқиғалардың ең ортасында білек сыбанып белсеніп жүрді. Әсіресе, пенсияға шыққан соң творчествоға біржола берілді. Жырларын жүйелеп, қағаз бетіне түсіре бастады, жинақтап кітап шығаруға ыңғайланды, облыстық айтыстардың қан базарында жарқылдап жеке дара суырыла шырқап жүрді. Сол ізденістерінің, толғаныстарының жемісі етіп, өлеңдерін бірнеше жинақтарға бастырды. «Айтуар» деген атпен жеке кітабын шығарды.

Академик-жазушы Сәбит Мұқанов Иекеңнің «Айтуар» атты өлеңдер жинағына арналған алғы сөзінде былай деп жазады: «Игібай Әлібаев араласқан сауық-сайранда оны көрген, сөзін естіген, әндерін тыңдаған халық, аяқ өре тік тұрып, ду қол шапалақтаумен құрмет көрсетеді. Бұл сері ақынды мен


жас шағынан білемін». Бұл жолдарда үлкен қаламгердің әнші ақын Игібайға деген ерекше ықылас-ілтифаты, құрмет-қошеметі бар. Сәбеңнің сол сүйіспеншілігін, разылық көңілін біз облыс өңіріне жолы түскен талай сапарларда айқын аңғарып, қызығып тамсанушы едік. Сәбең Алматыдан шығарда Игібаймен күні бұрын хабарласып қояды да, екеуі Қызылжар топырағында уәделесіп түйіседі. Сол шақта шіркін Иекең нағыз халық ақынына тән мінезбен құлпырып, жайнап сала беруші еді-ау. Қолына үкілі домбырасын ұстап, жанары қазір ән салардай жалт-жұлт етіп, сұлу мұртын сылап-сылап қоятын. Сәбеңнің жанында жүрісі ширақ, көңіліне қанат біткендей, желпіне қопандап, домбырасының шегі дыңылдап тұратын. Ал Сәбең болса оны еркелетіп, ең жылы ықылас-сезімін арнаушы еді, бүкіл облысты шарлаған сапарларында қасынан тастамайтын, әр кеште асқақтатқан ән салдыратын.

– 1929 жылдан бастап біржарым жылдай Алматыда драма театрында қызмет істеп, Әміре, Иса, Жұмат Шанин сияқты тарландардан тағылым алғаным әсте естен кетпейді, - деп еді Иекең сол әңгіменің соңында. Ал И. Әлібаевтың тұла бойында әлгі аталған ұлы актерлерден дарыған дарынның ұшқыны мол болатын.

Иекең шын мағынасында халық ақыны еді. Ол республикада, облыста өткен көптеген ақындар айтысында қатысып, талай-талай жүлделерді жеңіп алды. Соңғы ширек ғасырдың ішінде облысымызда өткізілген ақындар айтысының бәріне де Игібай Әлібаев қатысты және топ жарып бірінші бәйгелерге ие болып жүрді. Ол сахнаға шыққанда қайта түлеген қырандай, қанат қомдап шабыт дариясын шалқытып жіберетін, думанды дүбірлетіп дүйім елді түйдек-түйдек термесімен тербей жөнелетін. Иекең өленді бірден суырып салатын, өзі домбыраға қосып әнмен қалқытатын. Сұлу әні сұңқылдап аспанға шаншылғанда тұла бойда от тұтатып, таңырқата таңдай соқтыратын-ды. Айтыс десе, арқасы жоталанып жалындай түсетіні қандай десеңізші!

Келсем де осынша жас қырларына,
Арқау боп айбынды, өмір жырларыма.
Жақсы ай, сәтті күндер, отты жылдар
Толтырған күнде менің нұр маңыма.
Жетсе де жетпіс өтіп сексенің де,
Келтіріп мұнан да егде, кексе күнге
Қоя алман өлең-жырды, тоя да алман,
Қоярмын тек үзіліп кетсем мүлде, - деп толғап еді
Иекен соңғы жырларының бірінде.

Ия, Игібай Әлібаев соңғы тынысына дейін нұрлы өмірді жырлаудан тынбаған халық ақыны, қалың елін құдіретті әуенімен тамсандырған тамаша әнші еді. Бүгіндері Иекеннің туғанына сексен жыл толып отыр. Оның асыл жыры, ғажап үні әлі сол қалпымен құлағымызда сұңқылдап сайрайтын сияқты. Игібай Әлібаевтың өнері халық жүрегінде әлі талай жылдар жаңғыра берері кәміл.



ҚҰСАЙЫНОВ
Серікбай Бәриұлы
Қазақстан Республикасының
халыққа білім беру ісінің озық қызметкері,
Ыбрай Алтынсарин медалінің
Еңбек ардагерінің иегері, 2013 ж.

ӨНЕРДЕГІ ӨНЕГЕЛІ ӨМІР
Игібай Әлімбаевтың туғанына 110 ж
1903-1978 ж.

Игібай Әлімбаевтың өнердегі өмірі жан-жақты. Ол шебер актер, туа біткен дарынды әнші от жалынды ақын, қиялы ұшқыр сазгер, және мұғалімдікті кәсіп еткен ұстаз.

Игібай Әлімбаевты алғаш рет Баян колхозының «кішкене қызыл мектеп» деп аталатын бастауыш сыныбының үлкен кең бөлмесінде көріп әнін тындадым. Ол 1946 жылдың жаз айларының бірі болатын. Петропавл облыстық филармониясының қазақ ұжымының көркемдік жетекшісі Игібай Әлімбаев екен. Бұл артистердің түскен үйі мектепке жақын ауылдың сол кезеңдегі көрнекті азаматтарының бірі Қожаұлы Асылтайдың үйі еді. Асылтай 1905-1948 ж. қайтты, 43 жасында.

Асылтай кезінде Преснов ауданындағы сибан Жаңажол ауылын ұйымдастырып колхоз басқарушысы болған. Соғыс жылдары Преснов ауданының райполкомның финанс бөлімінде қызмет атқарған. Кейін денсаулығына байланысты Баян ауылында налоговый агент қызметін атқарды.

Игібай Әлімбаев Асылтайды бала жастан білетін бірге өскен ауыл аралары жақын, дос болып өскен, әрі құдандалы адамдар екен. Концертте Игібай әкей көп ән айтты. Көпшілік қайта-қайта сұрап қошемет көрсетті. Концертте апамыз Кәукер де біраз өлең айтты. Осы жолы Ысқақ Иманқұлов, Мархаба Иманқұлова бишіні көрдім. Мәстура деген әнші бар сияқты еді. Жалпы мұндай үлкен деңгейдегі концертті

бірінші рет көруім. Асылтай әкеміз концерттен кейін алғыс айтып тыңдарман атынан табыс тіледі.

Концерттен кейін де Асылтай әкеміз үйінде дәм берілгені, басы Игібай болып көп әндер айтылғаны әңгіме, әзілдер болғаны есімде қалыпты.

Домбырада кіріспе әуендері ойнап алып, одан әрі домбыраны қағып-қағып жіберіп ащы биік тенор даусымен отырған қауымды өзіне тартып алып әнге көшуі маған күшті әсер етті.

Және ән айтқанда орнында тыныш отыра алмай әннің әуеніне қарай бет әлпетінің құбылуы көз қарасының өзгеруі мені таңқалдырған еді.

Әртістер кеткеннен кейін Ендіғой шешем берген оқтауды домбыра қылып Игібайша ән айтпақ болып еліктеп айқайлағанымды, балдыр-батпақ әуендермен әулекті болғанымды айтып Асылтай әкеміздің ағасы Махмет атамыз кейін көзінен жас аққанша менің қылығымды айтып күлуші еді. Игібай әншіні алғаш домбырамен ән айтқанын көріп домбыраға әнге құмартқанымның алғашқы сәті осылай басталған еді.

1957 жыл, 20 қазан, күн суық, күшті жел, жерге әлі қар түспеген кез. Баян колхозының машинасымен жүргізушісі Неғметжанов Жұматай ағамызбен облыс орталығында болатын ақындар айтысына бармақпыз. Әрқайсымызда шақыру қағазы бар. Айтысқа тиянақты дайындалып, домбырамызды баптағанбыз.

Көңіліміз алып - ұшып, тез айтыс қызығын көрсек деген ынтадамыз. Басқарушымыз ауылдық кеңестің төрағасы Тажин Уақпан ақсақал еді. Жанымызда клуб меңгерушісі әнші, домбырашы Әнәпия ұлы Қуат ағамыз. Кітапханашы Бәйкеұлы Қайкен, жұмысшы мен Бәриұлы Серікбай. Машина қорабына шығып бір-бір тұлыпты киіп тоңбастай болып қымталанып жайғастық. Таңғы сағат алтыда шығып, сағат 11-ден кете балалар музыка мектебіне жеттік. Мектеп залы лық толған адам екен.

Бастаушы кісі бізді басқа жақтан апарып мектеп ішіне кіргізді.

Біздің алдымызда қазақ өнерінің қамқоршысы мемлекет қайраткері, обкомның екінші хатшысы Ілияс Омар қазақ өнері жәйінде баяндама жасапты.

Баяндамадан кейінгі үзілісте бізді бір жайлы бөлмеге апарып жылынындар деп бір келіншек үлкен самауырдан шай құйып берді. Дастархан мәзіріде жақсы екен.

Қазақтың құрт-майы, бауырсағы ішпей-жемей тойдырғандай. Содан кейін бізге қазақша шапан кигізіп сахнаға шығарады. Ақындардың қолдаушысы, қошеметшісі болындар деп отырғызды. Бұл ақындар газеттегі суреті, менде әлі күнгі сақтаулы. Жүргізуші ақындар айтысының басталатын хабарлап, ақындармен таныстырды.

Ақындарға арнау өлеңін жазба ақын республикаға белгілі Ғалым Малдыбаев бастап берді. Содан кейін ол енді «Керметтің көкесін» естіп көріндер дегені әлі есімде.

Осы облыстық айтысқа Преснов ауданынан екі ақын шақырылды. Бірі Баян ауылынан Жұмадиев Самархан, екіншісі Тауағаш ауылынан ақын Темірғали Қасенов еді. Самарханның жазып шығарған өлеңін домбыра сүйемелімен айтып беруші Баекин Қайкен. Айтысты бірінші бастаған қарт ақын Темірғали Қасенов атамыз. Өзінің құлаққа жағымды баритон даусымен әндете домбыраны сөйлете,сөзін анық ашық айтуы тындармандарға әсерлі болды. Шу дегенде шырқап салатын әні мазмұнды шумақтары көпшілік көңілінен шығып қошеметке бөленіп отырды.

Ақын Ахметжан Нұртазиннің өткір сөздері сындары әнші Жарманның орындауында халыққа нәр беріп түсінікті жетіп отырды.

Игібай өзінің алла берген тенор даусының биіктігімен, кең тынысты, дыбыс көлемінің арқасында «Әу!» деп шырқап, отырған халықты өзіне бір тартып алды. Содан соң әуен шарықтап мың құбылып отырған адамдарды екі қолтығынан көкке көтеріп әкеткендей. Домбыраны қағып-қағып жіберіп

аспандаған әуен иірімдері, сиқырлы музыка үніне адамдарды сүнгітіп жібергендей әсер беріп, қайран қалдырып, таңдай қаққызды. Қошеметке ие болды. Бұл айтыста Игібайдың тағы ұтымдылығы жазған өлеңін қағазға қарамай жатқа айтып беруімен құнды болды. Және айтыстың көп жерлерінде қарсыласына бірден дөп басып жауап қайтарып отырды. Мұнымен суырып салма ақындығын таныта білді. Залдағы қазақша ою-өрнектерді тілге тиек етіп, қазақ айтысы, әдет-ғұрпы дами түсетініне келешекке сеніммен қарайтынын айтқаны, мақтаныш сезімі айғақтай түскендей еді.

Осы айтыста Игібай Әлібаев, Темірғали Қасенов, Ахметжан Нұртазиндер көпшілік көңілінен шығып «облыстың халық ақыны» деген құрметті атаққа ие болған еді. Игібай Әлібаевтың басқа ақындарға қарағанда бұл жолы республикалық айтыскер дәрежесінде екені көрініп тұрды.

Осы айтыс кейінгі жастарға біздер үшін ертедегі қазақ ақындарының жалғасы сияқты болып көрінді. Осы ақындар айтысын естімесек, көрмесек, тыңдамасақ бұрынғы өткен қазақ ақындарының айтысын елестете алмаған болар едік.

1964 жылы Игібай Әлібаев композитор, әнші Москва консерваториясының түлегі, хормейстер Есмағамбетов Мәделхан Мұқановичті іздеп келгенде мен осы балалар музыка мектебінде екеуім кездестірген едім. Бұл қазақи шаңырақта Игібай ағамыз Мәделханға біраз өлеңдердің нотасын түсіріп беруін өтінген еді. Қандай әндер жаздырғанынан бейхабармын. Қандай әндер жазғанын Мәделхан ағайдың қол жазбаларынан іздеу керек. Игібай ағамыз Алматыға көп баратын сонда өзі айтатын әндердің нотасын жеке жинақ етіп шығаратын ойы бар екенін айтқан еді. Ол 1959 жылы Мақсұтбек Майшекинге барып қазақ радиосына пленкаға жиырмаға жуық ән жаздырғанын айтқан еді 1993 жылдар кезінде шамалы ғана әні қалған деген хабар естігеміз.

Радиода істеген пленкаға ән-күйлерді жазушы бір болса Мұхитденовтың өз қорында, үйінде сақтаулы болуға тиіс деген болжам болатын.

Ол пленкада Біржан салдың «Шалқыма» осы әнді жиын-тойда жиі айтатын, «Сәлем», Ақанның «Жамал қыз», «Жастық», «Ақ тоты» әндерін, Балуан Шолақтың «Сентябрь», Үкілі Ыбырайдың «Қызыл астық» бұл әнді де жиі орындап жүрді. Бекет ақынның «он екі взвод», Шынбай ақынның «Аңшы» атты толғауларын жаздыратын ойы бар болатын. Аңшы әні Игібайдың орындауында табылса, шын мәнінде Шыныбай ақындікі екені дау тудырмас еді. Аңшы толғауын кезінде Ыбырай да үйреніп алып айтуы мүмкін. Өйткені С.Мұқанов «Аңшы» әнін орындап еді деген хатқа түскен жазу бар. Ыбырай жігітшілік шағында Тұрғын ақынның төңірегінде болған сияқты. Сонда Тауағаш Айтуар ауылдары арасы алыс емес, олар жиын-тойларда жиі кездесіп жүретіні анық, сонда Шыныбай «Аңшы» әнін айтқанда әнқұмар әншілер үйреніп алып айтуы заңдылық.

Игекеңнің орындауында Бекеттің сирек айтылатын «Он екі взвод», Шыныбайдың «Аңшы» әнін болашақта музыка зерттеушілері іздестіру керек.

1960 жылы шілде айында облыстың 7 ауданынан келген ақындардың айтысы Қазақстанның 40 жылдығына арналды. Айтыс қалалық демалыс паркінің ішінде циркте өтті.

Айтысты облысполком төрағасының орынбасары Даниял Керімбаев баяндама жасап ашты. Игібай Әлібаев ақындарға құттықтау сөз арнады:

Білгенге бұл айтыстың жөні басқа
Толғанда туған елім 40 жасқа
Кеңінен құлаштанғандар, ақын достар
Ақтарып алтын жырдың аузын аш та – деп ақындарға
үндеу тастады.

Бұл айтысқа Баян ауылынан ауылдық кеңестің төрағасы Тажин Уақпаұ, Жанымбетов Байтұяқ және баласы Тажин Жангелдіні ала келген еді. Байтұяқ өзінің Қазақстанға арнаған өлеңін оқыды. Тоғыз жасар Жангелді Дихан Әбіловтің «Қазақстан» атты өлеңін нақышына келтіре тақпақтап ай-

тып берді. Мен тағы бір үзілісте Құрманғазының «Сарыарқа» күйін тарттым. Игібай Әлібаев ағамыз да көпшіліктің сұрауы бойынша бірнеше әндер айтты. 1967 жылы қазан төңкерісінің 50 жылдығына арналған облыстың қазақ өнері күнін филармония залында облыстық мәдениет басқармасының бастығы Сейпіл Нағашыбайұлы Уақпаев қысқаша баяндамамен ашқан болатын. Бірінші бөлімі ақындар айтысы екінші бөлімі мерекелік концертке ұласты.

Ақындар айтысын облыстың халық ақыны Игібай Әлібаев бастап берді.

Көліндей Көкшетаудың өлең-жырға

Ақындар жиналыпты бүгін мұнда

Бәріңді мерекемен құттықтаймын

Даусымды көтеремін асқақ шыңға – деп көпшіліктің назарын өзіне аударып, ақындарға арнау, бастау сөзін Иекен әрі қарай жалғастырғанын естіп көргенбіз. Бұл айтыста облысқа танымал ақындар: Ғ. Малдыбаев, облыс халық ақындары Т. Қасенов, А. Нұртазин, ақындар: У.Темірбеков: Зияда Сәрсембаев, Қаһарман Жантасов, Әшім Мендібаев, Иекене өзін шәкірт санайтын көзі өткір, әнші, талапкер, жас ақын Кеңес Тынымбаев өнерлерін көрсетті.

Игібай Әлібаев бұл кезде облыстағы қарт ақын, көргені көп, айтары бар кемелденген ақын еді. Өнерді бір басына жинаған үлкен өнер иесі еді. Ән айтудағы әншілігі, сөзін шығарудағы ақындығы аспапта ойнаудағы домбырашылығы, онымен қоса әртістік құбылыстарды меңгеруі, осы барлық жиынтық Игібай Әлібаевтың бір басында болуы, әр адамға беріле бермейтіні шын мәнісінде үлкен талант иесі екені өзінің өнердегі өмір жолдары көрсетіп айғақтап тұрғандай.

Қазақстан Республикасының халыққа білім беру ісінің озық қызметкері Ыбырай Алтынсарин және Еңбек ардагері медалінің және Қазақстан Білім Министрінің Облыс әкімінің құрмет грамотасының иегері.

МАЗМҰНЫ

1. Шаншар Жекеев «Алғы сөз»	5
2. Сәбит Мұқанов «Сегіз қырлы сері»	6
3. Бақыт Мустафин «Тарлан тұғырында»	12
4. Қайролла Мұқанов «Айтыстың ақтаңгері».....	17
5. Қадыров Жанбай «Төкпе жырдың майталманы».....	22
6. Алтын Иманбаева «Өнердің жаққан шырағын».....	30
7. Көкен Копышев «Өршіл өнердің тарланы»	35
8. Қайырбек Сыздықов «Көк домбыра».....	46
9. Қайырбек Сыздықов «Өнерін еліне арнаған».....	52
10. Қайырбек Сыздықов «Домбыра сыры».....	55
11. Қайыржан Сәрсекеев «Естен кетпес есім»	64
12. Қайыргелді Изтолин «Айтуардан шыққан ақиық ақын»..	67
13. Шаншар Жекеев «Орындалған аманат»	70
14. Шаншар Жекеев «Асқақ әні аспанда қалықтаған» ..	73
15. Құдайберен Мәкенов «Өнеріне тәнті болып еді».....	79
16. Жантас Базарбаев «Игібай Әлібаев туралы» (Естелік).....	81
17. Д. Сүгірбаева «Игібай Әлібаев туралы кеш болды»	85
18. Бақыт Мұстафин «Әні кетпес құлақтан»	86
19. Құсайынов Серікбай «Өнердегі өнегелі өмір».....	92

Редактор:
Динаева Бекзат Бегалықызы
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент.

Отпечатано в ТОО «ДӘМЕ»
Тираж 500 экз
г.Астана, ул. Бигельдинова,10
Тел/факс.: 8 (7172) 23-01-49
toodame@gmail.com

Бұл жинаққа облыстық халық ақыны, жез таңдай әнші арқалы ақын, қарт ұстаз Игібай Әлібаев туралы. Көзінің тірісінде және бақилық болғасын жазылған мақалалар мен естеліктер кіріп отыр. Республика жұртшылығы Игібай Әлібаевты айтыстың дуалы думанында дүр сүлкініп, шабыт атын шалқыта жөнелетін тарлан талант ретінде жақсы біледі. Ол бірнеше рет айтыстарға қатысып, алқалы жиынды аузына қаратқан дүл-дүл жүйрік еді. И. Әлібаевтың өлең-жырлары. Республикалық газет-журналдарда жарық көрді, халық ақындардың жинақтарында және Айтуар деген атпен өзінің жеке кітабы болып басылып шықты. Өкінішке орай Иәкең туралы жазылған көптеген естеліктер сақталмаған. Оны іздестіріп ақынның шағармашылығын зерттеу, әдебиет зерттеушілері қолға алат шығар деп үміттенемін. Игібайдың өмірімен, халқына сіңірген еңбегі шығармашылығы, бұл үлкен әдеби шығармаға арқау боларлықтай тұлға.

Шаншар ЖЕКЕЕВ